



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Ғаз 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//11 СӘУІР 2019 ЖЫЛ

АК ОРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына ҮНДЕУІ



ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Бүгін елімізге және әрқайсымызға қатысты аса маңызды Үндеу жариялап отырмын.

Еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымында өткізу туралы шешім қабылдадым.

Мен бұл жауапты шешім бойынша Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен ақылдастым.

Парламенттің қос палата спикерімен, Премьер-Министрмен кеңестім.

Конституциялық Кеңестің келісіміне жүгіндім.

Парламенттегі партия жетекшілерімен кездестім.

Кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау – өте маңызды әрі қажетті қадам. Біз Елбасымыздың арқасында тәуелсіз, құатты мемлекет құрдық. Қазақстан халықаралық жүйеде өзіне лайықты орын алды. Бізді ықыласты және белді мемлекет ретінде бүкіл әлем мойындайды.

Қазіргі таңда тарихи кезеңді бастан өткізіп отырмыз.

Жоғары билік заңды және бейбіт жолмен ауысты. Бүкіл әлем қоғамдастығы осы оқиғаны түсіністікпен және құрметпен қабылдады.

Мемлекет басшысы ретінде мен өзімнің міндетімді және жауапкершілігімді терең сезінемін.

Президент лауазымына

іріскеннен бастап өңірлерді аралап жүрмін. Халықтың көңілуін жақсы білемін. Зиялы қауыммен, еңбек ұжымдарымен, бизнес өкілдерімен, инвесторлармен, халықаралық тұлғалармен кездестім.

Біз Елбасының сара жолымен жүреміз. Халқымыз – біртұтас. Тәуелсіздігіміздің ең жоғары құндылығы ретінде мемлекетіміздің іргесі мығым. Алдағы Президент сайлауы осыған дәлел болуы қажет.

Сондықтан, елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз етіп, алға басу үшін, әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді лайықты жүзеге асыру үшін бізге

айқындық қажет. Оның үстіне, әлемдегі ахуал бұлыңғыр болып тұр. Бұл Отанымыздың қауіпсіздігіне сын-қатер әкелуі мүмкін.

Ішкі және сыртқы саясаттағы сабақтастық пен тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды ойдағыдай сәтті әрі тиімді іске асыруымыз керек.

Ол үшін аталған тағдырлы шешімді қабылдадым.

Мұндай шешім тек халықтың тікелей еркімен сайлауда қабылдануы қажет.

Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады.

Мен, Мемлекет басшысы ре-

тинде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін! Бұл – менің берік ұстанымым!

Алдымызда зор міндеттер тұр. Мен халқымызға, яғни Сіздерге сенемін.

ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР!

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбелеті келеді» дейді дана халқымыз.

Алдағы сайлауға баршаңызды барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын.

Еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры Сіздердің шешімдеріңізге тікелей байланысты!

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЈАЛАР	Last	%Δ1D	%Δ1M
Risers			
RU_SBBER	1 384,44	+2,63	+16,75
RU_GAZP	944,35	+2,34	+7,30
GB_KZMS	3 473,00	+0,96	+11,67
KZTK	30 000,00	+0,67	+9,89
KEGC	1 634,50	+0,30	+3,32
Индекс KASE	2 469,84	+0,19	+4,84

АҚША НАРЫҒЫ	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index	8,22	-0,01	+0,03
TONIA	8,26	+0,00	+0,02
SWAP-1D (USD)	7,00	0	+1,27
TWINA	8,11	-0,12	-0,12
SWAP-2D (USD)	7,05	+0,03	+0,86
KazPrime-3M (KZT)	10,25	0	0

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЈАЛАР	Deals	Yield	DTM
FFINb3			29.05.21
TEBNe1			30.06.22
CCBNe3			
ECTRe1	7.75		22.04.22
FFINb2			28.06.20
KZKb27	10.00		15.12.27

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
NTK028_2543	8.67		08.05.19
NTK364_2542	8.95		03.04.20
NTK182_2540	8.98		27.09.19
KZ_05_2410	3.35		14.10.24
NTK028_2539	8.62		24.04.19
NTK028_2537	8.57		17.04.19

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер			
KASE	2465.2	0.54%	↑
FTSE 100	7425.6	-0.35%	↓
MSCI World	2143.2	-0.45%	↓
S&P 500	2878.2	-0.61%	↓
Dow Jones	26150.6	-0.72%	↓
Russel 2000	1696	-0.67%	↓
Russel 3000	1560	-1.22%	↓
SSE Comp	3237.96	0.01%	↑

Тауарлар			
Мұнай	70.6	-0.69%	↓
Мыс	6481.3	0.24%	↑
Қорғасын	1959	-0.85%	↓
Мырыш	2913	-1.42%	↓
Никель	13123	0.09%	↑
Алуминий	1854.5	0.34%	↑
Уран	25.85	0.00%	

Валюта нарықтары			
USDKZT	380.85	0.02%	↑
EURKZT	428.33	-0.15%	↓
USDURB	64.916	0.06%	↑
USDUAN	26.72	0.30%	↑
USDQYR	21250	-0.52%	↓
EURUSD	1.1263	0.00%	
GBPUSD	1.3075	0.12%	↑

ҚАЗАҚСТАН – РЕСЕЙ

Елбасы негізін қалаған серіктестік жалғаса береді

Сәуірдің алғашқы аптасында Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеуге ресми сапары аясында Ресей Федерациясының президенті Владимир Путинмен кездесті. Үлкен Кремль сарайында өткен кездесу барысында екі елдің көпбашылары саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, сонымен қатар өңірлік және халықаралық тақырыптағы өзекті мәселелерді талқылады.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Мәскеу сапары – Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекет басшысы ретінде шетелге жасаған алғашқы сапары. Кез келген елдің жана башысы тұңғыш шетелдік сапары өз мемлекеті үшін маңызды зор елден бастайтындығы белгілі. Осы ретте Қазақстанның жанапалан тағайындалған мемлекет басшысы өзінің алғашқы ресми сапарын Ресейге жасауы екі елдің арасында қалыптасқан қарым-қатынас пен ынтымақтастық байланыстардың, өзара сенімге

негізделген серіктестіктің қаншалық маңызды екендігін көрсетсе керек. Бұл тұрғыда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі мен орны Ресей үшін өте үлкен және одан «кейін» не болатындығы аса маңызды. Ресейлік тарап Қазақстанның жана башысымен Нұрсұлтан Назарбаев негізін қалаған стратегиялық бағытты жалғастыруға мүдделік танытады және жана жағдайда екі елдің серіктестігі мен ынтымақтастығын нығайтуды қалайды. Сондықтан осынау алғашқы сапары екіжақты маңыздылығы айқын.

Қасым-Жомарт Тоқаевты Кремль сарайында қарсы алған Владимир Путин Қазақстан президентінің мемлекет басшысы лауазымына кірісуімен құттықтап, екі ел арасындағы байланыстары бүгінгідей деңгейге көтеру үшін көп іс атқарылғандықтан, бұл Қазақстанның Тұңғыш Президентінің ерен еңбегі екендігін баса айтты. «Дегенмен, барлық команда осы мақсатта жұмыс

100 ЖАҢА ЕСІМ: ЖАҢЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ



Атом энергиясы денсаулыққа қызмет етеді

Отандық ғылым ядролық технологиялар арқылы онкологияны, кардиологиялық және неврологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтайтын тың әдістерге ден қойды. Ядролық медицинаны жана бағытына физика-математика ғылымдарының кандидаты, физика мамандығының PhD докторы, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Серік Нұрқенов жоқ салған. Елбегімен елге танылған білікті маман «Қазақстанның 100 жана есімі» ұлттық жобасының жеңімпаздарының бірі болды.

– Серік Амангелдіұлы, өзіңіз ашқан ядролық медицина саласындағы жанауылдық туралы айтып берсеңіз. Бейбіт атом адам ағзасындағы өзгерістерді қалай анықтайды?
– Елбасы елімізде онкологиялық орталықтарды дамыту, оларды озық үлгілерге сай технологиялармен жабдықтау мәселесіне ерекше мән беріп келеді.

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Nur Otan

Жауапкершілік жүгі салмақты

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы «Nur Otan» партиясының орталық аппаратына барып, оның қазіргі жұмысымен танысты және құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің қатысуымен кеңес өткізді.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, белсенді әрі нәтижелі жұмыстың арқасында «Nur Otan» партиясы еліміздің басты саяси күшіне айналды. Тұңғыш Президент елімізде болған соңғы саяси оқиғаларға байланысты партияның алдында стратегиялық маңызы бар бірқатар міндет тұрғанын айтты.

Сонымен қатар, Елбасы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының өтуіне байланысты «Nur Otan» партиясы алдағы сайлау науқанына белсенді қатысуға тиіс екенін айтты. Сайлау биліктің заңдылығын одан әрі нығайтып, елімізде тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажет. Енді партия сөзін өткізіп, ел президенттігіне кандидатура ұсынады.

Нұрсұлтан Назарбаев сайлауды толығымен ел заннамына сөйкес жән

барлық демократиялық нормалар мен рәсімдерді сақтай отырып өткізу қажеттігіне назар аударды.

– Партияға зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Бұл – таңдап алған саяси бағдарымыздың сабақтастығын және өзін белгілеген барлық стратегиялық міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ету. «Nur Otan» Қазақстанды жаңғыртатын басты қозғалыс күшке айналды. Сондықтан, белгіленген міндеттердің бәрі толығымен орындалуға тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Nur Otan» партиясының Төрағасы «Бақытты отбасы», «Құтты мекен», «Ауыл – Ел бесігі» және «Халыққа көмек» жобаларын тиімді

іске асыру мәселелері туралы айтты. Сондай-ақ партияның 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасын іске асыру үшін нақты іс-шаралар жоспарын бекітуі тапсырылды.

– Елбасы мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері бойынша партия мүшелері жүргізетін тиімді акпараттық-түсіндіру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

«Nur Otan» партиясы менін саясатымыз мәнін түсіндіру ісінде басты институт болуға тиіс. Уақыт пен қол жеткізген жетістіктер ұстанған бағытымыздың дұрыстығын көрсетті. Бұл бағдарды одан әрі іске асыру үшін нақты жұмыс істеу керек, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

► ТКШ-ны жаңғырту

ПИК-ті кімдер басқаруы керек?



«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы жобасы қаралған Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин пәтер иелері кооперативтері саласындағы кемшіліктерді атады.

– Қазіргі кезде бізде үйді

үйді басқару хобби емес, жұмыс екенін түсіну керек, – деді ол.

Осы орайда Н.Нығматулин тұрғын үйді басқаруды дұрыс жүргізу керектігін қаладан айтты. Өйткені ПИК жұмысындағы кемшіліктер саланы дамытуға кедергі келтіріп отыр. Тұрғындар бұл кемшіліктерге көңілді алған. Олар өздерінің пәтерлерін жөндеуге назар аударды, ал тұрғын үйдің кіреберісі сын көтермейді.

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы халқымыз үшін маңызды мәселелердің бірі. Бұл салада шешілмеген түйткілдер өлі де көп. Осыған байланысты Елбасы тұрғын үй қатынастарын реттеуге нақты тапсырмалар берген болатын. Сондықтан заң жобасы аталған сала бойынша жүктелген міндеттерді жан-жақты тиімді шешуге ықпал ететін болады, – деді Н.Нығматулин.

► ХВҚ болжамы

Әлемдік экономиканың өсімі бәсеңдейді

Халықаралық валюта қоры 2019 жылғы әлемдік ДЖӨ өсімі бәсеңдейтінін болжап, оны іргелі елдер экономикаларындағы келенсіз өзгерістердің салдары деп түсіндірді.



Болжамға сәйкес, Ұлыбритания және еуроаймақ елдерінің ДЖӨ өсімі 0,3%, АҚШ-та 0,1% бәсеңдейді. ХВҚ сәуірдегі «Әлемдік экономиканың перспективалары» атты шолуында әлем елдерінің 70 процентінің экономикасы соңғы онжылдықта ең төменгі көрсеткішке – 3,5% орнына 3,3%-ке түсетінін атап өткен. Дегенмен, 2020

жылы өсім бұрын жасалған болжамға сәйкес 3,6% болуы тиіс. Өсімнің бәсеңдеуіне әкеп соқпатын басты себептердің бірі – брексит болуы мүмкін. Сондай-

ақ ҚХР экономикасының өсу қарқынының бәсеңдеуі мен халықаралық сауда саясатындағы жағдайдың шиеленісуі де бұған зор әсерін тигізбек.

► ҮКІМЕТ: КЕАЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында бизнесті қолдау мен дамытудың «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы қаралды. Жинды сондай-ақ Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» бастамасы аясындағы әлеуметтік жобалар жайы талқыланды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Отырыста «БЖК-2020» бағдарламасын іске асыру бойынша Ұлттық экономика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің, бірқатар өңірлер әкімдерінің, сондай-ақ «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының есебі тыңдалды.

БЖК – қазірде өз тиімділігін көрсеткен және еліміздің бизнес қауымдастығы үшін сұранысқа ие құралдардың бірі болып отыр. Бағдарламаның арқасында шағын және орта бизнесті қолдау бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Ендігі жерде бизнесті қолдау құралдарын қайта қарастыру нәтижесінде 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға 71,8 млрд теңге бөлінген.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының, Атырау және Қостанай облыстарының жақсы нәтижелерге қол жеткізгенін айта келе, Үкімет басшысы бұл бағытта кейін қалып отырған өңірлерге жұмысты жандандыру қажеттігін ескертті. А.Мамин бұл бойынша бірқатар нақты міндеттерге назар аударды. Атап айтқанда, Елбасы тапсырмасы бойынша «қарапайым заттар экономикасының» басым жобаларын несиелендіруге бөлінген 600 млрд теңге қаражатын итерлі қарқынмен арттыру және оған қатысуға алау қажет. Бүгінгі таңда кәсіпкерлер 310,4 млрд теңгеге 350 өтімін берген, олармен жұмыс жүргізілуде, сондай-ақ екінің денгейдегі банктерде қаралуда. Премьер-министр Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне «Атамекен» ҰКП-мен және мемлекеттік органдармен бірге «қарапайым заттар экономикасының» дамыту аясында құрылған жобалық офистің жұмысын жандандыруды тапсырды. Ұлттық экономика министрлігіне «қарапайым заттар экономикасы» шеңберінде басым жобаларға кепілдік беру механизмін несиенің 50%-ке дейінгі мөлшерінде қаржыландыру құқығын беруді көздейтін қаулы жобасын енгізу тапсырылды. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігіне «қарапайым заттар экономикасының» дамыту аясында АӨК саласындағы несиелерге субсидия беруді қамтамасыз ету керек. Өз кезе-

гінде әкімдіктер бағдарлама талаптарына сай келетін жаңа жобаларды тарту бойынша қажетті аппараттық жұмысты күшейтуі қажет. Сонымен қатар, әкімдіктерге шағын және орта бизнес жобаларына субсидия беру мен кепілдендіруге қосымша қаражат бөлу мәселесін қарастыру тапсырылды. БЖК шеңберінде

млрд теңге қарастырылған, бимылғы I тоқсанда 9,3 млрд теңге төленді. Бұған қоса, бимылғы 373 мың жаңа жұмыс орны құрылатын болады. Сонымен қатар 58 мың отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге 2025 жылға дейін республикалық бюджеттен 500 млрд теңге бөлініп, ол тұрғын үйді жалға беру және тұрғын үй құрылыс жинақ



Дамудың барлық құралы құнды

несиелерді қаржыландырумен байланысты мәселелерді шешуде оны мысалдар бар. Атап айтқанда, Шымкент қаласының әкімігі субсидиялауға 600 млн теңге, ал жобаларға облысының әкімігі БЖК аясында субсидиялауға 600 млн теңге бөліп. Сондай-ақ «Атамекен» ұлттық палатасы өз бизнесін ашқан адамдар санын өсіру үшін бизнес мектепте оқыту тиімділігін арттыруы қажет. «Жоғарыда аталған барлық мәселелер бойынша бағдарламаны іске асыру үшін шұғыл шаралар қабылдануы тиіс», – деді А.Мамин.

Бұдан соң Үкімет мүшелері Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» жаңа әлеуметтік шараларын іске асыру барысын талқылады. Бастаманы орындау аясындағы әлеуметтік жобалар бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.Сапарбаев баяндады. Іске қосылған әлеуметтік жобалар туралы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы А.Есімов, Қызылорда облысының әкімі К.Көшербаев, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы А.Мырзахметов, сондай-ақ Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» идеясын белсенді қолдаған кәсіпкерлер – жобалардың авторлары айтып берді.

Ісәуірден бастап атаулы әлеуметтік көмекті белгілеуге құжаттар барлық жерде қабылданып жатыр. Ағымдағы жылға мемлекеттік бюджеттен көп балалы және аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көрмек көрсетуге 83

банкінші жөнілтілген қарыздарын беру арқылы жүзеге асырылады.

Қазірде Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» идеясын көптеген кәсіпкерлер белсене қолап, әлеуметтік жобаларға қатысады. Бизнес өкелері табысы төмен азаматтары өз кәсіпорындарына жұмысқа орналастырып, кәсіп негіздеріне үйрету бастады. Үкімет басшысы ірі кәсіпкерлер бизнес-бастамалары дамытуы, өзінің жеке ісін ашу тәжірибесін көпшілік тартуы керектігін айтты. «Азаматтар мұқтаж жаңдарға көмек тек мемлекеттен ғана емес, бизнес қауымдастығынан да келіп жатқанын білуі керек. Біздің ортақ міндетіміз – азаматтарға өмірде өздері тәп болған киан жағдайдан шығуға көмек көрсету», – деді Премьер-министр.

Әлеуметтік мәселелер бойынша бизнестің тартымды идеялары мен ұсыныстары бар, олар Үкіметпен бірлесіп іске асырылуы қажет. Сондықтан өңірлердің әкімдеріне осындай бастамаларды белсенді түрде қолдау тапсырылды. Бұдан өзге, Министрлер кабинетінің басшысы кәсіпорындардың басшыларын өз жұмысшілерінің проблемаларына, соның ішінде тұрғын үй проблемаларына назар аударуға шақырды. Сонымен бірге Елбасы және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі атаулы әлеуметтік көмек алатын еңбек жасайды азаматтарды жұмысқа орналастыру, оқыту және қайта оқыту мәселесін ерекше бақылауға алуы, бұл жұмысқа «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы да атсалысуы қажеттігі айтылды.

► САЙЛАУ – 2019

Бизнеске ең бірінші тұрақтылық керек

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 9 маусымында кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы Үндеуін жариялады.

«Елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз етіп, алаға бауы үшін, әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді лайықты жүзеге асыру үшін бізге айқындық қажет» деп, мәлімдеген Қасым-Жомарт Тоқаев. Ішкі және сыртқы саясаттағы сабақтастық пен тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды ойдағыдай сөтті әрі тиімді іске асыруда бұл қадамның маңыздылығын баса айтты.

Бұл тұрғыда бизнестің пікірі қандай? «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президент Үндеуіне байланысты өңірлердегі бизнестің басын қосып, Басқарманың кеңейтілген отырысын өткізді.

Жыңды бастаған басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов Президент Үндеуінде айтылғанды, ең алдымен қажеттісі – айқындық пен тұрақтылық екенін мәлімдеді. «Қоғамда да, бизнесте де айқындық керек. Жоғары билік Конституцияға сүйеніп, өз негізінде қалам жасайы. Президентіміз Елбасымен де, еліміздегі басқа да саяси күштермен, Парламент, Үкімет басшыларымен ақылдасқанын айтып өтті. «Атамекен» кәсіпкерлерді біріктіріп отырған үйі болғанынан, бизнестің ең бірінші тұрақтылық керек екенін айтып келеді. Кәсіпкер



үшін өз бизнесін дамыту, елдегі инвестициялық ахуалдардың оң болуы, ішкі бизнесте де, сырттан келетін бизнеске де елдің, қоғамның тұрақтылығы, ауызбіршілігі керек» – деді басқарма төрағасы.

Бүгінгі Президент шешімі кәсіпкерлік тұрғысынан да қолдау табатын тура шешім. «Атамекен» өңірдегі бизнес-қауымдастық өз пікірлерімен бөлісті. «Алматы ауыр машина жасау зауыты» АҚ бас директоры Жетісбай Едігенов Үндеудің уақытылы қабылданған шешім екенін айтты. Шымкент қаласы Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы, «Оттау Құрылыс» холдингінің басшысы Қайрат Молдасейітов шымқаланың кәсіпкерлері бұл шешімді бірауыздан қолдайтынын, бұл тек бизнес емес, бүкіл халық күтіп отырған шешім екендігін жеткізді. Кезектен тыс Президент сайлауын өткізуі сондай-ақ инвестициялық

климаттың тұрақтылығын қамтамасыз ететінін айтқан актебелік «Көкжар» агроөнеркәсіптік тауар-шікізат биржасының басшысы Есімхан Құрманғалин шетелдік инвесторлар осы төңірегінде ой қозғанынан да атады. Шығыс Қазақстан облысындағы ірі бизнес өкілі – «СемАз» ЖШС бас директоры Әсемжан Досжақанов актебелік әріптесінің сөзін қоллап, кезектен тыс Президент сайлауының инвестициялық климаттың дұрыс қалыптасуына, жалпы елдің экономикалық дамуына үлкен әсерін тигізетінін айтты.

Басқарманың кеңейтілген отырысында басқа да өңірлердегі жинға қатысқан кәсіпкерлер бірауыздан бизнес қашанда нақты әрі ашық шешімді тандайтынын, әр жасалған тек бұл бизнестің дамуына тікелей әсер ететінін, және де бұл ретте кезектен тыс Президент сайлауы – дұрыс шешім екенін атады.

БИЗНЕС&БИЛІК

ҚАЗАҚСТАН – РЕСЕЙ

Елбасы негізін қалаған серіктестік жалғаса береді

> [1]

Мемлекет басшысы Екатеринбургте кол қойылған Одақтастық және серіктестік қарым-қатынас туралы шарт екі елдің арасындағы барлық саладағы қарым-қатынасқа негіз болғандығын баса айтты. «Елдеріміз арасындағы қол жеткізілген достық әлеуетін нығайту үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Дәл осындай қарым-қатынас мемлекеттеріміздің де, халқымыздың да ұлттық мүддесіне сай келеді», — деді К.Тоқаев.

Мемлекет басшыларының кездесуінен кейін ресейлік және қазақстандық тараптың кеңейтілген құрамдағы келіссөздері өтті. Ресми сапардың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресей президенттері бұқаралық ақпарат құралдарының өкпелері үшін бірлескен мәлімдеме жасалды.

Екі ел қолбасшылары келіссөздерінің қорытындысына арналған брифинг барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының президенті ретінде Ресей Федерациясына жасаған алғашқы сапарының символдық мәнін, екі ел арасындағы қарым-қатынастардың ерекше сипатын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қатысушыларға Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Мемлекет басшысы өкілеттігін

тоқтату туралы шешімі жөнінде айтты және бұл қадам Қазақстанның келешегі үшін жасалған саяси далалық пен үлкен жауапкершіліктің жарқын үлгісі болып табылатынын ерекше атап өтті.

К.Тоқаев өзінің мемлекет басшысы ретіндегі қызметі Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың «алтын ғасырында» басталғанын, Нұр-Сұлтан мен Мәскеудің жан-жақты диалогын нығайту жөніндегі стратегиялық бағдарды жалғастыруға және бүгінге дейінгі қол жеткізілген уағдаластықтардың сабақтастығын қамтамасыз етуге зор ниеттестік білдіретінін атап өтті. Осы ретте ол қазіргі таңда Қазақстанда Ресей капиталының қатысуымен мұнай және химия, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, автомобиль және теміржол машиналарын жасау саласында 100-ге тарта бірлескен жобалары іске асыратын 9 мыңнан астам кәсіпорнын жұмыс істейтінін айта келіп, Ресей тарапымен арадағы келіссөздерге арқау болған екі елдің өнеркәсіп кооперациясы және инвестициялық ынтымақтастық мәселелеріне арнайы тоқталды.

«Бүгін тараптар кол қойған Қазақстан — Ресей өнеркәсіп кооперациясы саласындағы бірлескен іс-қимылдар бағдарламасы осы бағыттағы жұмысқа тиянып береді. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру елімізде трактор, автобус,

автомобильдер мен басқа да көлік құралдарының өндірісін арттыруға, соның нәтижесінде қосымша жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді», — деді К.Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің географиялық орналасу ерекшелігін атап өтіп, екі елдің көлік-транзит әлеуеті бәсекеге қабілетті маңызды басымдық екеніне, осы мүмкіндікті тиімді пайдалану қажеттігіне назар аударды. Бүгінде біздің елдеріміз арқылы Еуразияның Батысы мен Шығысын байланыстыратын «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автомагистралі аса маңызды құрғалып болып табылады. Осы ретте шекаралық рұқсаттама нүктелері жұмысының тиімділігін арттыру маңызды. Сонымен қатар К.Тоқаев энергетика және жанар-жағармай секторында өзара іс-қимыл жасаудың даму бағдарына, екі елдің әскери-техникалық және ғарыш саласындағы ынтымақтастығына, соның ішінде Байқоңыр қаласын ғазбен қамтамасыз ету мәселелеріне арнайы тоқталды.

Сөзін қорытындылай келіп, Қазақстан президенті жүргізілген келіссөздердің нәтижесіне көңілді толатынын атап өтіп, қол жеткізілген келісімдер Қазақстан мен Ресейдің өзара сенімділікке негізделген ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ресей Федерациясына алғашқы ресми сапармен келгені үшін ризашылық білдіріп, келіссөздер қазіргі Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бірлесіп жемісті жұмыс істеген жылдарда қалыптасқан дәстүрге толығымен сай келетін сындарлы және іскерлік жағдайда жүргізілгенін атап өтті.

Ресей президенті қабылданған бірлескен мәлімдемеді Ресей мен Қазақстанның кең ауқымды стратегиялық серіктестігін нығайтады көздейтін өзара келісім көрініс тапқанын, сондай-ақ оны одан әрі дамыту үшін нақты және жауапты міндеттер қойылғанын атап өтті. «Сөз соңында Қазақстан президентіне, Қазақстаннан келген барлық әріптестеріне және достарымызға ауқымды және нәтижелі келіссөздер үшін алғысымды білдіргім келеді. Бүгінгі кездесуіміздің нәтижесі Қазақстан мен Ресейдің одақтас ретіндегі қарым-қатынасына игі ықпалын тигізіле деген ойдамын», — деді Владимир Путин.

Ресми сапардың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресей президенттерінің бірлескен мәлімдемесі, сондай-ақ бірқатар маңызды құжаттарға кол қойылды.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



THE WORLD BANK

Дүниежүзілік банк Қазақстан ЖІӨ 3,5% өседі деп болжайды

Дүниежүзілік банк (ДБ) өзінің www.worldbank.org сайтында 2019 жылы Қазақстанның ЖІӨ өсімінің болжамы 3,5% деңгейде қалатынын «Еуропа мен Орталық Азиядағы экономикалық жағдайға шолу, 2019 жылдың көктемі: қаржылық инклюзия» баяндамасында атап көрсетеді.

Банктің сарапшыларының болжамына, 2020 және 2021 жылдардағы Қазақстанның ЖІӨ өсімі 3,2%-ды құрайды.

«Қазақстанның ЖІӨ-нің өсімі 2019–2020 жылдары біршама баяулайды, бірақ сосын реттеледі деп болжанып отыр. Болжам — мемлекеттік кәсіпорындар тарапынан нарықта басымдық болуын, кәсіпорындарды реттеудің тең емес режимі мен бәсекелестіктің деңгейі төмендігін қоса есептегендегі — өнімділіктің баяу өсуін және экономиканың негізгі құрылымдық босандығын айқайтады», — деп мәлімдейді ДБ баяндамасында.



Қытайлық инвесторлар тағы бір зауытты іске қоспақ

Солтүстік Қазақстан облысында 2021 жылы құрама азық өндіру және ағаш өңдеу бойынша зауытты іске қосу жоспарланған, деп хабарлайды LS бизнес-ақпараттық порталына.

Облыстық Индустриалдық-инновациялық басқармасы «Тиелин Логистикс ИнвестКомпани» қытайлық «Tielin Logistics Co.» инвестормен бірлесіп осы жобаны іске асырмақ, деп жария еткен.

«Бұл кәсіпорнида жылына 270 мың тонна құрама азық өндірісін және жылына 97 мың текше метр ағаштан жасап шығарылатын өнімдердің өндірісін ұйымдастыру жоспарланған. Ашылатын жұмыс орыны — 80 адамды қамтиды» делінген ведомство хабарламасында.



Проблемалық қарыздар 20%-ды құрайды

Ұлттық банктің мәліметтеріне сәйкес, 90 күннен астам мерзімі өткен берешек (NPL) бойынша, кредиттер 1 078,7 теңгені немесе қарыз қорының 8,3%-ын құраған. Халықаралық рейтингтік агенттік басқа да шырғалды мысалға келтірген деп хабарлайды, өйгілі «Wall Street Journal» басшылығының коммерциялық әріптесі — қазақстандық «Курсив» іскер ақпараттар порталына Moody's www.moody.com сайтына сілтеме жасап.



«Біз өз бағалауларымызда тек мерзімі 90 күннен аса өткен сомалы мерзімдері өтіп кеткен кредиттердің үлесін қарастырып қана қоймаймыз, басқа да көрсеткіштерді қолданамыз. Біздің бағалауымызша, қарыз алушылардың нашар қаржылық жағдайлары салдарынан қайта құрылымдалған кредиттерді қосқандағы, осы сектордың проблемалық кредиттерінің үлесі 2018 жылдың аяғында қаржылық қордың 20%-ын құраған», — деп хабарлайды Moody's агенттігінің Қазақстан банк секторы бойынша жетекші талдаушысы, вице-президент — аға талдаушы Владлен Кузнецов басшылығы берген эксклюзивті сұхбатында.

Батыр РАХМЕТҰЛЛИН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Биыл бидай өндірісінен не күтеміз?

Наурыз айының ортасында ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров осы жылғы наурыздың орта шеніне ағымдағы маркетингтік маусымның басында қазақстандық өндірушілер шет елдерге 5,8 млн тонна дәнді дақылдар жөнелтті. Сонда ол маркетингтік жылдың соңына дейін экспортқа тағы 2,2 млн тонна қазақстандық бидай шығарылады деп болжаған еді, деп хабарлайды kursiv.kz сайтына.

ИСА ҚАМБАР

Өткен аптаның бейсенбісінде ауыл шаруашылығы вице-министрі Гүлмира Исаева KazGrain 2019 конференциясының аясында ағымдағы маркетингтік жылдың соңына (бұл шілдеге аяқталады) дейін Грузияға, Әзірбайжанға және Иранға жалпы ауқымы 2 млн тонна өнім жеткізу жоспарлануында деп мәлімдеген болатын. Ал, сол конференцияда «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның басқарушы директоры, басқарма мүшесі Сәбит Қашымбаев ағымдағы маркетингтік, 2018-2019 жылдардағы, маусымда қазақстандық өндірушілердің дәнді дақылдарды экспорттауының көлемі 10 миллион тоннадан асып жығылғанды, деп хабарлады.

Нақтылай түссек, «Болжам мынадай: ағымдағы маркетингтік жылды бидай мен ұнды экспорттау 10,5 миллион тоннаға құрайды», — деді Қашымбаев еліміздің басты қаласында өтіп жатқан KazGrain 2019 форумы барысында.

КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Ал дәл сол күні ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Баспасөз қызметі көктемгі егіс жұмыстары республикамыздың онтүстігінде басталып кеткенін жариялаған еді. Онда: «Еліміздің онтүстік өңірлері (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары) көктемгі егіс жұмыстарын бастады. Бұл туралы Түркістан облысы Ордабасы ауданындағы «Рамазан Агро» ЖШС-нің егістік алқабында өткен брифинг барысында айтылды. Іс-шарға «Ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыс әкімінің, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ өкпелері, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, салалық ассоциациялар мен кәсіподақ жетекшілері қатысты» делінген.



Облыс әкімдері ауыл шаруашылығы басқармаларының алдын-ала мәліметтері бойынша, 2019 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын 22,3 млн га жерге орналастыру жоспарланған, бұл өткен жылғыдан 1,3% артық. Қазіргі уақытта егістік жерлерді тиімді әртарапталандыру жүргізілуде, бұл да әжептәуір қолдауға ие ме? Облыстық әкімдеріміз мәліметтері бойынша, 1 сәуірдегі көктемгі дала жұмыстарын жүргізу тракторларының дайындығы 91%, себу кешендерінің дайындығы 100%, тұқым сеппіктерінің дайындығы 91%, топырақ өңдеу құралдарының дайындығы 93%-ды құрапты. Демек, дикандар қауымы іске тынғылықты әзірлікпен кіріскен.

жанартуларын алу үшін айналма қаражаттың жоқтығы мәселесін шешіп бер. Сондай-ақ, бөлінген бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалану және тұқым шаруашылығы субсидиялаудың бағдарламасымен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 100% қамтамасыз етеді екен. Бұл да әжептәуір қолдауға ие ме?

Облыстық әкімдеріміз мәліметтері бойынша, 1 сәуірдегі көктемгі дала жұмыстарын жүргізу тракторларының дайындығы 91%, себу кешендерінің дайындығы 100%, тұқым сеппіктерінің дайындығы 91%, топырақ өңдеу құралдарының дайындығы 93%-ды құрапты. Демек, дикандар қауымы іске тынғылықты әзірлікпен кіріскен.

АШТӨ-НІ СУБСИДИЯЛАУҒА КОМАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛМЕК

Бұл жерде мына мәселеге де тоқтала кеткен абзал. Машина-трактор паркін жанарту проблемаларын шешу үшін қолда бар ресурстарды (субсидиялардың тиімсіз түрлерін азайту арқылы) қайта бөлу жоспарланған, бұл өндіріші елге байланыссыз АШТӨ сапалы және заманауи техникаларға қол жеткізудің қамтамасыз етуге бағытталатын болады, деліміз мандар.

Осылайша, отандық және шетелдік өндірістің техникасы инвестициялық шығындарды субсидиялау бағдарламасы шеңберінде (теңгерінін мөлшері ауыл шаруашылық техникасының құнының 25%-ды құрайды) бірдей шарттармен субсидияланатын болады. Сонымен бірге жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидиялау стандарты аймақтық әкімдеріміз (35%-ға дейін) дербес түрде көбейтуі мүмкін.

Бұдан басқа, АШТӨ үшін ауыл шаруашылығы техникасы лизингін

қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, кредиторға аванстық төлем, сатып алған техникалар бойынша алғашқы жарнасы ретінде, инвестициялық субсидияны аудару мүмкіндігі қарастырылған.

Осы қолдау шараларын бірте-бірте ұлғайту, 2021 жылға дейін аграрийлердің ауыл шаруашылық техникасы мен жабдықтарын сатып алуға инвестициялар көлемін 100 млрд. теңгеден 240 млрд. теңгеге дейін жеткізу және 2021 жылға қарай жабдығын жанартудың минималды технологиялық деңгейін 2%-дан 6%-ға дейін қамтамасыз етуге жоспарлануда. Энергетика министрлігінің келісімі бойынша наурыз-маусым айларында 380,0 мың тонна дизель отыны бөлінеді (2018 жылы 375,0 мың тонна). Егіс алқаптарының көбеюін ескере отырып, қосымша аймақтарға 5,0 мың тонна дизель отыны бөлінді. Аймақтарға отын бөкілген кестеге сәйкес жеткізіледі. Энергетика министрлігі операторлардың жеткізілімін ескере отырып, зауыттан 160 тонна/литр (193,0 мың теңге/тонна) бағасын белгілеп, өңірлердегі орташа баға 176 теңге/литр болады, бұл нарықтық бағадан (жанар-жағар май құю станциясы — 195 теңге/литр) 10 пайызға арзан.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері 2019 жылы «Кен Дала» бағдарламасы бойынша несиелендіру үшін 60 млрд. теңге бөлінді, соның қарыз алушылар үшін сыйақы ставкасы жылдық 7%-дан аспайды. Аграрлық несие корпорациясы <https://goldau.kz> порталы арқылы өтініштерді қабылдайды. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелендіру несие серіктестіктері арқылы 13 млрд. теңге, екінші деңгейлі банктер 14 млрд. теңге және тікелей несие беру — 33 млрд. теңге («АНК» АҚ филиалдары арқылы) жүзеге асырылады. Бұл бөлшекті болып табылады, себебі өтімдерді алуға қаржыландыру қамтамасыз етіледі.

«Айта кету керек, ағымдағы жылдың 1 сәуірінде Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында 379,3 мың гектарға егістік егілді, жоспар 1713,2 мың гектар немесе 22,1% орындалды. Сонымен бірге масақты дақылдар 196,6 мың гектарға, майлы дақылдар — 52,7 мың гектарға, көпжылдық шөптер — 72,3 мың гектарға, көкөніс пен бақша дақылдары және картоп — 57,4 мың гектарға, қант қызылшасы — 0,3 мың гектарға егілді», деп хабарлайды Ауыл шаруашылығы министрлігінен.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ – ЕЛ ІШІНДЕ

Костанайда шағын кәсіп ашуға мынанан астам несие беріледі. Бұл туралы үкімет басшысының орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова бастаған жұмыс тобының Костанай облысына іс-сапары барысында баяндады.

Үкімет мүшелерінің өңірлерді аралаудағы басты мақсаты – аз қамтылған отбасылардың тыныс-тіршілігін көзбен көріп, қордаланған мәселелердің шешілуіне тікелей атсалысу. Осы ретте Г.Әбдіқалықова бастаған делегация Костанай ауданындағы жұмыспен қамту және халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысымен танысты. Бұл орталықтарға қызмет түрін тең жартысы электронды нұсқаға ауыстырған. Жалпы Костанай ауданында 75 мың тұрғын бар. «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы облыстық филиалының басшысы Сағдат Бектұрғынның айтуынша, 2018 жылы корпорация қызметкерлері бірінші айына орталыққа арқалы берілген өтінімдерге сәйкес 2899 қызмет көрсетті. Оның ішінде 43 мүмкіндігі шектелуі адамның үлгеріне барып, мемлекеттік қызмет ұсынды. Халыққа қызмет көрсету орталықтарына орта есеппен алғанда облыс бойынша күніне 6000-8000 адам, ал Костанай ауданында 400-600 адам келеді. Гүлшара Әбдіқалықова орталыққа келген азаматтармен сөйлесіп, қызмет көрсету барысын қалағанды, тұрғындарға уақытылы әрі сапалы қызмет көрсетуді тапсырды.

Премьер-министр орынбасарына облыстағы жұмыспен қамту көрсеткіштері баяндалды. Былтыр өңірде «Бастау бизнес» бағдарламасымен 2311 адам бизнес курстарынан өтсе, оның 667-сы шағын несие алған. Ал облыс бойынша тұрғындарға жеке кәсіп ашу үшін 1039 шағын несие берілген. Оның нәтижесі жаман емес. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлер қатары артып отыр.

▶ АЗИЯ ДАМУ БАНКИ

ЭКОНОМИКА ӨСІМІНЕ БОЛЖАМ ЖАСАДЫ

АДБ-ның негізгі экономикалық басымдығы – «Азия дамуының шоудына» сәйкес, Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 2018 жылы 4,1 пайыздан 2019 жылы 3,5, ал 2020 жылы 3,3 пайызға дейін төмендейді.

Инфляцияның орташа көрсеткіші осы болжам бойынша 6 пайыз шамасын сақтап қалмақ. Ұлттық банктің быылға жасаған сараптамасында инфляцияның 2020 жылы 5,5 пайызға дейін төмендеуі күтілген. Болжам бойынша, азық-түлік бағасының өсімі 2019 жылы 5,2 пайыздан 2020 жылы 5 пайызға дейін бәсеңдейді. Бұл отандық өнімді қолдау, негізгі азық-түлік пен баға саясатын жеделдей бақылау сынды міндеттерді орындау бағытында қаламдар болмақ. «Тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету және жеке секторы дамытуға жәрдемдесу үшін банк жүйесінің сау болуы да өте маңызды», – дейді Азия даму банкінің Қазақстандағы өкілдігінің директоры Джованни Капаннелли.

Басылым деректеріне қарағанда, өнеркәсіптегі өсім биыл 4,3, ал 2020 жылы 4,4 пайызды құрауы тиіс. Себебі ондәу өнеркәсібі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік инвестициялардың көлемі мұнай өндірісінің жағуы өсуін біршама байқайты, орын толтырып тұруы қажет.

Қазақстан – Орталық Азия елдері ішінде АДБ-ге алғаш мүше болған мемлекет (1994 жылдан бері). Содан бергі 25 жыл ішінде банктен 5 млрд АҚШ доллары төуелсіз қарыз алынып, ауыл шаруашылығына несие берілген. Сондай-ақ 30 млрд АҚШ доллары транспорт, агроөнеркәсіп, басу қамту, білім, денсаулық сақтау, қаржылық сектор және өзге бағыттарға кепілдендірілген техникалық көмек ретінде көрсетілген.

▶ ҚАРЫЗ

СЫРТҚЫ БОРЫШТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Биыл 1 қантардағы жағдай бойынша елдің сыртқы борышы 158,8 млрд АҚШ долларын немесе ЖІӨ-ге қатынасы 93,1% (жыл басынан бастап 9,5%-ға жақсарды) құрады.

Сыртқы борыш құрылымында 63,6%-ын бұрынғысына фирмаларлық берешек, 25,0% үлестес емес кредиторлар алындағы «Басқа секторлардың» сыртқы борышы, 7,8% мемлекеттік сыртқы борыш (Үкімет пен Ұлттық банк), 3,6% – «Банктер» секторының сыртқы міндеттемелері (ЕДБ және «Қазақстанның Даму Банкі») алып отыр.

Былтыр 4-ші тоқсанда экономикалық банктік емес секторы міндеттемелерінің азаюы есебінен елдің сыртқы борышы 2,5 млрд АҚШ долларына қысқарды. Мемлекеттік сыртқы борыш жалпы сомасы 1,05 млрд еуроны құрайтын 5 және 10 жылдық төуелсіз еурооблигациялардың екі траншыны шығару есебінен 899,1 млн АҚШ долларына өсті.

«Банктердің» сыртқы міндеттемелері тоқсан ішінде өзгермеді, себебі бейрезиденттердің қолындағы еурооблигациялар көлемінің азаюы олардың өзектідік банктердегі депозиттерінің өсуімен теңесті. «Басқа секторлардың» үлестес емес кредиторлар алындағы сыртқы борышы 1,6 млрд АҚШ долларына азайды, негізінен ол қарыздарды өтеу есебінен орын алды. Фирмаларлық берешек ірі кен өндіріші және көліктік компаниялардың шешетін делушылардан тартылған несие өтеуі нәтижесінде 1,8 млрд АҚШ долларына қысқарды.

Қазақстанның таза сыртқы борышы 2018 жылғы 4-тоқсанда 560,5 млн АҚШ долларына азайып, 47,2 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте мемлекеттік сектор және «Банктер» қалған әлемге қатысты таза кредиторлар болып, ал «Басқа секторлар» таза қарыз алушылар болып табылады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

Инфляция мақсатты дәлізде сақталады

Сенаттың жалпы отырысында Ұлттық банктің төрағасы Ерболат Досаев әлеуметтік қолдауға арналған қосымша қаражаттың бөлінуіне байланысты шығыстарды ұлғайту – инфляциялық үдерістерді жеделдетуге айтарлықтай әсер етпейтінін айтты.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет өзгерістерінің өлшемдері ағымдағы жылы жеке макроэкономикалық көрсеткіштерді қайта қарауға негізделген. Парламент Сенатының жалпы отырысында Ұлттық банктің төрағасы Ерболат Досаев бұл өзгерістерді қаржы реттеушісінің келіскенін және мақұлдағанын атап өтті. «Ұлттық банк инфляциялық тәртіптеу саясатын жүргізуін жалғастырады. Ұлттық банктің 2019 жылға арналған негізгі мақсаты – инфляцияны 4-6% дәлізде ұстап тұру. Жылдық инфляция биылғы наурызда өткен жылдың соңындағы 5,3 пайызбен салыстырғанда 4,8 пайызға дейін төмендеді», – деп хабарлады Е.Досаев.

Бас банкир әлеуметтік қолдауға арналған қосымша қаражаттың бөлінуіне байланысты шығыстарды ұлғайту – инфляциялық үдерістерді жеделдетуге айтарлықтай әсер етпейтінін атап өтті. Бағалауға сәйкес, инфляция ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша нысаналы дәліз шегінде сақталады. Базалық мөлшерлеме ақша-несие саясатының негізгі құралы болып қалады. Ұлттық банк мөлшерлемені



денгейін елгеі нақты және күтілетін инфляцияның мөлшерлеріне, төлем теңгерімінің жай-күйін анықтайтын сыртқы факторларға, сондай-ақ экономикалық дамуды қолдау қажеттілігіне қарай белгілейді. Ол 1 наурызда Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 9,25% деңгейінде қалдырғанын еске салды. «Біз инфляциялық көрсеткіштерге қол жеткізу мен экономиканың өсуі қарқынын сақтап қалу теңгеріміне бағытталған базалық мөлшерлеме бойынша саясатты жалғастыруға ниеттенеміз», – деді Ерболат Досаев.

Валюта нарығында жағдай тұрақты болып қалады. Биыл жылдың басынан бастап 2 сәуір аралығындағы кезеңде теңгенің айырбастау бағамы 1,2%-ға нығайды. Айырбастау бағамы

еліміздегі төлем теңгерімі жағдайына, яғни шетел валютасының ел нарығына түсімі мен кетуінің теңгеріміне байланысты. Қаржы реттеушісі басшысының түсіндіруінше, бұл сыртқы күйзелістерді барынша азайту және экономикамызды бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін сақтауға мүмкіндік береді.

Ұлттық банк төрағасы былтыр төлем теңгерімінің ағымдағы шотының айтарлықтай жақсаруы байқалғанын атап өтті. Тапшылық 2017 жылғы 5,1 млрд АҚШ долларымен салыстырғанда 0,1 млрд АҚШ долларын құраған. Теңгенің өзгерімі айырбастау бағамы саясаты алтын-валюта резервтерін сақтауға мүмкіндік береді. 1 наурыздағы жағдай бойынша Ұлттық банктің алтын-валюта

резервтері 29,2 млрд АҚШ доллары, Ұлттық қордың активтері 59,0 млрд АҚШ доллары көлемінде болып, жалпы халықаралық резервтер 88,2 млрд АҚШ долларын құраған.

Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындау шеңберінде экономикалық өсуді және ұзақмерзімді кредиттеуді қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі бастамаларды іске асыру жалғасын табады. Е.Досаев атап өткендей, «7-20-25» бағдарламасын іске асыру аясында биылғы 30 наурызда ипотекалық кредиттер алуға 125,4 млрд теңге сомаға жалпы саны 11 021 өтінім берілген. Оның ішінде 75,2 млрд теңге сомаға 6 450 өтінім мақұлданып, 60,4 млрд теңгеге 5 085 қарыз берілген.

Экономиканың басым салаларын кредиттеу үшін 600 млрд теңге сомаға банктің ұзақмерзімді өтімділікті игеруі бойынша шаралар қабылданатын болады. 7% мөлшерінде субсидияланды ескере отырып, қарыз алушылар үшін кредиттер бойынша түпкілікті мөлшерлемесі 8%-дан аспайды. Агроөнеркәсіп кешеніне 200 млрд теңге, ал өңдеуші өнеркәсіпке 400 млрд теңгеге дейін қаржы бөлінетін болады. Ұлттық банк басшысы шағын және орта бизнес жобаларын кредиттеуге кемінде 100 млрд теңге жұмсалатындығын айтты. Сондай-ақ отандық автокөлік сатып алушыларды 5 жыл бойы кредиттеу бағдарламасын іске асыруға 100 млрд теңге қарастырылады. Биыл бұл бағытта 20 млрд теңге бөлінетін болады.

▶ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМ

Өнеркәсіптік дамудың бірыңғай орталығы

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының «қарапайым заттар экономикасы» және экспортқа бағдарланған индустрияландыру дамуына бағытталған тиімді өнеркәсіптік саясат туралы танысымын орындау мақсатында 2018 жылдың күзінде Қазақстан Республикасының Үкіметі өнеркәсіп саласындағы үш негізгі ұлттық даму институтын: Қазақстандық индустрия даму институты, Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік және NADLoC Жергілікті қамуды дамуы жөніндегі ұлттық агенттігін Өнеркәсіптік дамудың бірыңғай орталығына біріктіру туралы стратегиялық шешім қабылдады.

ӘЛИЯ КЕМЕЛБЕКОВА

«Қайта құру үдерісі 2018 жылдың қараша айында басталды. Бірінші кезекте ел Үкіметі үйлесімді өнеркәсіптік саясатты қалыптастыра алатын шағын әрі тиімді ұйымды құру бойынша міндеттер қойды. Екіншіден – бұл өндірістен экспортқа дейінгі бүкіл тізбек бойынша мемлекеттік қолдаудың қайтарымызсыз қаржылық құралдарын бір жерге шоғырландыру арқылы бизнес дамуына қолайлы жағдай жасау. Үшіншіден, индустриялық-инновациялық саясат саласында орын алған сын-теуеріңдерге қатысты жедел қолданбалы шешімдерді өндіруге қабілетті «think-tank» тәрізді мықты талдау орталығын құру», – деді ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр.

«Қазақстандық индустрия даму институты» акционерлік қоғамының 5 ай ішіндегі жұмысының нәтижесінде жалпы шаттақ көлем 27%-ға, құрылымдық бөлімшелер және орта буын жетекшілері санын 35%-ға, бірінші буын жетекшілерін 30%-ға қысқарту қамтамасыз етілді.

Осы ретте институт үшін ұйымның барлық бастапқы функцияларын сақтап қана қоймай, сонымен қатар оларды арттыра түсті. Мұнда ҚР Үкіметі шешімімен былтыр желтоқсан айында экспорттаушыларға көліктік

шығындарды өтеу тұрғысынан шикізаттық емес экспортты ала жылжыту және экспортқа онтайын логистикалық бағыттарды даму тұрғысынан талдау жүргізуге бағытталған жаңа функциялар туралы айтылып отыр. «Азаматтық кодекске сәйкес, институттарды қайта құру күрделі әрі ұзақ процедураларды ұстануды талап етеді. Қараша айынан бастап үлкен жұмыс атқарылды, әрі был сәуір айында институттарды біріктіру бойынша қалған заңгерлік процедуралар аяқталды деп күтеміз. Содан кейін ұйымға «Қазақстан индустрия және экспорт орталығы» жаңа атауы беріледі», – деп атап өтті «Қазақстандық индустрия даму институты» АҚ басқарма төрайымы Дана Жүнісова.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШОҒЫРЛАНДЫ

Енді мемлекеттік қолдаудың қайтарымызсыз қаржылық шаралары



және экспорттаушыларға көліктік шығындарды өтеудің жаңа құралы бойынша отандық бизнестен өтінімдерді қабылдауға қажетті жағдайлар жасалған. Сонымен қатар «Қазақстандық индустрия даму институты» акционерлік қоғамында мемлекеттік қолдауға ең қажетті шаралардың бірі – әлемдік стандарттарға сай (ISO, API, ASTM және т.б.) сана менеджменті жүйелерін

ыңғайлы: аталған шаралардың тиімділігін бақылау және талдауға арналған желел ақпаратты жинау жөнелідейді», – дейді Дана Жүнісова. Айтпа кетелік, қолдау құралдары туралы қажетті ақпаратты кәсіпкерлер мына нөмір арқылы ала алады: 8 (7172) 983-786 (Қолдау құралдары орталығы)

ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ ФОРМАТЫ ҚАЙТА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қайта құрудан кейін барлық талдау жұмысы және Орталық ұйымның жүргізілген зерттеулер нәтижесі қолданбалы шешімдерді әзірлеуге бағытталған.

«Бұрын әр ұйымның жеке өзіндік «талдау штабы» болған. Шындап келгенде әр ұйымдағы мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) ортақ – ондәу өнеркәсіпшілері кәсіпорындар. Сондықтан зерттеулердің мақсаттылығын үлкен тәжірибелікке қарай қайта форматтадық. Зерттеулер Елбасы және ҚР Президентінің тапсырмаларын орындауға, қосылған күн тізбегі бойынша жоғары өндіріс әлеуетін жүзеге асыруға және өнім технологиялығын арттыруға бағытталатын болады», – деді Дана Жүнісова.

«Қазақстан индустрия және экспорт орталығы» өнеркәсіптік кәсіпорындары тиімді қолдау, сапалы талдамалық жұмысты ұйымдастыру және қолданбалы шешімдерді әзірлеуге бағытталған даму бағдарын жалғастыратын болады», – деп қорытындылады Роман Скляр.

ӨНЕРКӘСІП & АГРОКЕШЕН

▶ 100 ЖАҢА ЕСІМ: ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ



> [11]

Өйткені, аурудың алдын алу, дәл және дер кезінде диагностақалау — ел тұрғындарының денсаулығын сақтаудың маңызды бөлігі болып табылады. Осы ретте медициналық физика саласындағы тың амал-әдістер ауруды ерте кезеңнен анықтауға мүмкіндік береді. Томография, тераностика, протон терапиясы — онкологиялық аурулармен күресудегі перспективалық, инновациялық әдістер және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Біз жүзеге асырып отырған бағыт — позитронды-эмиссионды томография/компьютерлік томография арқылы дәрігерлер науқастың қай жерінде қандай ісік барын ерте кезеңде байқай алады. Біз жасап-жетілдіріп жатқан бериллий негізіндегі жана термотөзімді нано-жабындылар ядролық медицина, ғарыштық және ядролық энергетика саласында маңызды практикалық қолданысқа ие. 2009 жылдан бастап Республикалық диагностикалық орталықтың — қазіргі Назарбаев Университетіне қарасты «University medical Center» ядролық медицина бөлімінде еңбек еттім. Қазақстандағы алғашқы медицина физигі ретінде онкологиялық, кардиологиялық және неврологиялық ауруларды ерте диагностикалау және емдеу тиімділігін бағалау, сондай-ақ емдеу әдістемесін өзгертуге себеп болатын метастатикалық зақымдарды анықтау мақсатында ноншаушы сәулелердің ашық көздерін қолдана отырып, диагностикалық зерттеулерді жүзеге асырылқ. Мысалы, радиоактивті сипаты бар заттар ағзаға енгізілгеннен кейін физиологиялық және патологиялық процестерге қосылады. Бұл онко-процестерді — ісік жасушаларын ерте кезеңінде жылдам анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, жоғары дәлдіктегі және акпараттық позитронды-эмиссионды томография/компьютерлік томография зерттеулері, яғни ядролық медицина бағыты Қазақстанда 2010 жылдан жасала бастады. Бүгінде еліміз бойынша 17 мың адам біздің елімізді бойынша зерттелді. Бұл дегеніміз — құтқарылған мыңдаған адамның өмірі деп білемін. Егер науқаста аурудың белгілеріне қатысты күдік болып жатса, бұл томография тегін жүргізіледі. Облыстар мен аудандардан бағыттама бойынша жіберілгендер томографиядан тегін өтеді. Қазіргі күні елордада зерттеу жүргізетін екі орталық бар.

— Естүзімізге, медициналық физика саласында студенттерді даярлаған екенсіз. Шәкіртеріңіз осы тәсілдер бойынша алған білімдерін тәжірибеде қалай жағастыруда?

— 2011 жылы жоғары оқу орындарының студенттері үшін «Ядролық медицинаның физикалық негіздері» және «Ме-

Атом энергиясы денсаулыққа қызмет етеді



дицинада ядролық амал-әдістерді қолдану» деп аталатын екі нақты курсты әзірледім. Қазіргі уақытта осы екі курс бойынша Л.Тумиев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ядролық физика халықаралық кафедрасында сабақ беріп жүрмін. Бүгінгі таңда медициналық физика бойынша 15 түлек даярланып, олардың бәрі Президент істері басқармасының клиникасында, Назарбаев университетінің республикалық диагностикалық орталығында, Алматы мен Семейдегі онкологиялық орталықтарда еңбек етіп жүр. Олардың бәрі осы бағытта дипломдық жұмыстарын жазған. Егер онкологиялық орталық басқа өңірлерде ашылса, жұмыс істеп кетуге қауқарлы, тәжірибелері мол, нақты өндірістік практикаға қатысқан кадрлар.

— Сырақтардың сыры мен сипаты күрделене түскен қазіргі заманда медицинаның жана жетістіктеріне де үміт көбіейді. Елімізде енді жолға қойылған медициналық физиканы өзі қарай дамыту бағытындағы жоспарларыңыз қандай?

— Адамның толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіретін барлық ауруларды анықтау мен емдеу жоғары сапалы технологиялармен тікелей байланысты. Бүгінде күлді әлем ядролық медицинаның мүмкіндіктерін пайдалануға ба-

рынына басымдық беруде. Бұл тұрғыда біздің елімізде де диагностика мен терапиядағы жана технологияларға қол жеткізілді. Келешекте бұл бағыттағы жұмысымызды жалғастыра беремекпіз. Алдағы уақытта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен елордада жана ұлттық онкологиялық орталықтың ірісі қаланағалы жатыр. Орталыққа ядролық технологиялар енгізілетін болады. Бұл саланың маңызды өте зор деп ойлаймын. Себебі, томотерапия, тераностика, протонды терапия ісік ауруларын азайтуда, қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру үшін ғана емес, ұлттың ұзақ ғұмыр жасауында өте маңызды. Физик ретінде онкологиялық аурулар мәселесін шешу — атом энергиясын беібіт мақсатта қолданумен тікелей байланысты екендігін айтқым келеді. Сонымен қатар, мейлі қалада не ауылда тұрсын, әрбір азамат осы емдеу әдісін тегін алуы керек. Қазір елімізде ашылағалы отырған халықаралық стандарттарға сай онкологиялық орталыққа кадрларды даярлау жұмыстары жүргізілуде.

— Отандық медицинаның тың бағытын игерумен қатар, сіз қазір жасалып жатқан технологиялар саласында еңбек етіп жүрсіз. Бұл сала бойынша құрылған халықаралық орталық

департаментінде нендей жұмыстар атқарылады?

— Халықаралық жасалып жатқан орталығы — Тұңғыш Президент — Елбасының бастамасымен құрылған ЭКСПО мұрасы. Орталықтың коммерцияландыру департаментінің міндеті — бұл бағыттағы инновациялық жобаларды тауып, енгізуге ықпал ету. Бұл ретте арнайы бағдарлама әзірленіп, ғылыми жетістіктерді, ғалымдарымыздың жаңалықтарын практикаға енгізуге баса назар аударуларымыз қажет. Қазіргі таңда бізде патенттелген 2870-тей отандық жасалып жатқан технологиялар бар. Халықаралық жасалып жатқан орталығы өндіріске енгізуге дайындығы жоғары барлық перспективалық жасалып жатқан технологияларды жинау бойынша үлкен жұмыстар атқаруда. Бұл — ғалымдарымыздың әзірлемелерін тәжірибеге енгізіп, әрі қарай коммерцияландыру үшін үлкен мүмкіндік.

— Серік Амангелдіұлы, сізді «Қазақстанның 100 жана есімін» қатарына енуіңізбен құттықтай отырып, қасіп қызметіңізде өзі қарай да жетістіктерге жете берудіңізге тілектеспіз.

— Рахмет.

Сұхбатты жүргізген —
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ АУДИТ

11 МЛН ТЕНГЕ АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің сұранысы негізінде Ішкі мемлекеттік аудит департаменті қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде аудиторлық іс-шаралар жүргізді.

Онда аудиторлармен зейнетақы төлемдерін есептеу заңдылығының сақталуы жіті тексерілді. Соның ішінде зейнетақы төлемдерінің тағайындалуы, сол төлемдерді қайта есептеу заңдылығы, дұрыс есептемеу салдарынан артық төленген зейнетақы шамасын анықтауға тексеру іс-шаралары жүргізілді.

Зейнетақы төлеуге негіз болған тексеріспен қамтылған 21 іс бойынша зейнетақыны қайта есептеу кезінде негізсіз артық есептеу салдарынан барлығы 11 млн. тенге зейнетақы артық төленгені анықталды. Жүргізілген аудиттің қорытынды материалдары процессуалды шешім қабылдау үшін құқық қорғау құрылымдарына жолданды. Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің лауазымды тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғалды.

▶ ЦИФРЛАНДЫРУ

«АҚЫЛДЫ» ҚҰРАЛДАРДЫ ОРНАТУ КІМГЕ ТИІМДІ?

Елбасы тапсырмасы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын цифрландыру жұмыстары Ақ Жайық өңірінде қолға алынған.

«Батыс су арнасы» ЖШС директорының бірінші орынбасары Салауат Айбағовтың айтуынша, ҚР ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы бекітілген №621 бұйрығы бойынша сумен жабықтау және су беру жүйелеріндегі суды есепке алу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану қағидаларының 22, 23-тармақтарына сәйкес бастапқы және суды есепке алу аспаптарын анықтаған кезде деректерді қашықтықтан беру құралдарымен жабдықтау көзделген. Сондықтан есепке алу құралдарын орнату, ауыстыру тәртібіне өзгерістер енгізілген.

— Тұтынушы пайдаланатын ыстық және салқын су үшін есептегіш құралдарын бөлек орнатуға міндетті. Бұл талап ҚР Су кодексінің 92-8 бабында қарастырылған. Көпшілікті жана есепке алу аспабын орнату кімге қолайлы, деген сұрақ мазалайтыны анық. Бірақ тұтынушы ойланғандай, ондай «ақылды» құралды орнату тек коммуналдық кәсіпорынға ғана емес, пәтер иесіне де тиімді. Қашықтықтан түсірімімен есепке алу аспабын қолданған кезде екі жақ та айға, тәулігіне, сағаттар бойынша судың шығуын бақылауға мүмкіндік алады. Тұрғындардың барлығы таза ауыз суды пайдаланғысы келеді. Алайда тұтынушы суды қажетінше пайдаланып, уақытылы төлемакысын төлеуді ұмытып кетеді. Мұндай жағдайлар күнделікті тірлікте жиі кездеседі. Кейде пәтер иелері су есептегіш құралының көрсеткіштерін жазып алуға барған бақылаушыларды қош көрмейді. Тіпті олардың үйге кіруіне рұқсат бермейді. Сол себепті бақылаушылар уәкелік инспекторлардың көмегіне жүгініп жатады. Ал мынадай жана технологиялық құрылғының көмегінің арқасында бақылаушыларға пәтерлерге барып, есік қағудың қажеті болмайды. Яғни суды тұтынушылардың мазасын алмайды, — деді Салауат Айбағов.


Оның айтуынша, көрсеткіштерді қашықтықтан алу тек Орал қаласында емес, басқа қалаларда да қолданысқа енгізілді. Бүгінде күлді еліміз бойынша көрсеткіштерді қашықтықтан алу технологиясы қолданысқа енгізілуде. Көрсеткіштерді қашықтық алу шоттарды ұсынудың айқындығын және даулы жағдайларды шешуде септігін тигізбек. Сонымен қатар құралдарла ұрлау фактілері орын алған жағдайда кәсіпорын орталығындағы серверге бұл жөнінде хабарлама түседі. Жана заманауи құралда оның жұмысын тоқтата, яғни суды «ұрлау» мақсатында магниттердің қолданылуын анықтайтын тетіктер бар. Сондай-ақ құралдар осы жағдайлардан қорғалса да, бірақ тұтынушылар түрлі тәсілдермен құралды тоқтатуға әрекет жасайтын жағдайлар кездеседі.

«Батыс су арнасы» ЖШС қала бойынша жана технологиялық есептегіш құралдарын сатумен айналыспайды. Нарықта ондай құралдарды сатуды мамандандырылған компаниялар жүзеге асырады. Сумен жабдықтаушы кәсіпорын сондай-ақ компаниялардың құралдарының серверге деректерді ұсынуын, көрсеткіштерді қашықтықтан беруін, яғни құралдардың техникалық жағдайын ескертіпті салыстырып, тексереді. Оралапта кәсіпорынға сәйкестігіңің қашықтан мәлімет беретін су есептеу құралдарын тұтынушыларға ұсынады.

— Тұтынушылар жана үлгідегі су есептегіш құралдарын өз беттерімен сатып алып, орнатуға. Жана құралдар да бұрынғы құралдар сияқты орнатылады. Кез келген сантехник бұл құрылғыны орната алады. Сауда орындарында есептегіш құралдарының бағасы шамамен 15 мың теңгенің көлемінде. Оның біреуі емес, ыстық және суық суға арналған екеуін орнату керек. Сондықтан қаржы жағынан қиналатын тұтынушылар есептеу құралдарын бөліп төлеу қысқалы сатып алуға мүмкіндіктері бар. Ол үшін біздің кәсіпорының мекенжайына келіп, өтініш беріп, бес айға шарт жасалды. Абоненттің тілегі бойынша есептеу құралын орнату калькуляциясына сәйкес қосымша төлеммен жүргізіледі, — деді Салауат Айбағов.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Отын-энергетика кешені цифрландырылуда

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты бағдарламалық құжатында еліміз өнеркәсібін цифрландырудың кезек күттірмейтін міндеттерін тоқталып, оны жүзеге асыру басымдықтарын атап көрсеткен болатын. Қазіргі таңда бұл бағытта ел экономикасының барлық салаларында нақты іс-шаралар қолға алынып, біртұтас іс тындырылды. Атырау облысының бірқатары мен қазынасын мұнайға орасан зор үлес қосып жатқан отын-энергетика кешеніне қатысты.

Жұмырда осы кешенің электр энергетикасы, мұнай-газ, көмір және атом өнеркәсібіне қарасты 47 ірі кәсіпорында цифрландырудың индустриалдық бағдарламаларын енгізу ахуалы ой елегенін өткізді. Бұл ретте кәсіпорындардың көбіне 2.0., ірі құрылымдарда 3.0., ал жетекші компаниялардың бір-нешеуінде ғана 4.0. бағдарламалары бар екендігі анықталып, болашақта жүзеге асырылатын шаралар ауқымы белгіленді. Мәселен, бұған дейін «Ембі-МұнайГаз» компаниясы кен орнында зияткерлік кеңістік тұжырымдамасын іске асырып, нәтижесінде кәсіпорын кенді әзірлеудің цифрлық тәртібінде жұмыс істеді. Техникалық шешімді «Ембі-МұнайГаз» мамандары мен сарапшылары дайындады. Енді осындай жұмыс басқа да кен орындарда жүргізілетін болады. Сын тезінен өткізілген, қажетті ресурстарға ике артаатын, тексерілген коммерциялық шешімдерге сүйенетін талдамаларды енгізу «Индустрия 4.0» және «Өндіру 4.0» бағдарламалары бойынша ала қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі мұнай-газ компанияларының табысты қызметіне тікелей ықпал ете алады. Бұл орайда диспетчерлік және ахуал орталықтарының тиімді жұмысын қамтамасыз ете отырып, онлайн тәртібінде шешімдер қабылдау үшін өзекті де нақты ақпарат ұсынудың өзі жұмсалатын шығынды молынан ақтауға мүмкіндік беретіндігі белгілі болды. Мәселен, «Қазмұнайгаз-Кайта өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамына енгізілген ноу-хау әзірлемелері негізгі зауыттарда мұнай өнімдерін өндіру, логистикалау, сақтау және өткізу бойынша деректерді ықпалдастыруға, жедел өңдеуге және көзбен шолуға мүмкіндік береді. Жоба мақсаты кәсіпорындарда өнімділікті ұлғайту, өзіндік құнды төмендету, энергия тиімділігін және өндіріс экологиялықлығын арттыру болып табылады.

Осы ретте General Electric компаниясының елімізде қолдануға тұрарлық цифрлық трансформациялаудағы жетістіктері тілге тиек етуге тұрарлық. Компания кәсіпорындарымызға тиімділікті бағалауда, бизнес өсерлерді модельдеуді, компанияны ішінен, яғни ұйымдық құрылым мен қызметкерлер тұрғысынан цифрландыру және жобаның жол картасы мен шешімдер қалтасын ұсынып отыр. General Electric өз серіктестеріне және талпырыс берушілерге, ішкі және сыртқы пайдаланушыларға арнап Prefix тұғырнамасында қосымшалар әзірледі. Бұл тұғырлама бұрынғы-соңғы қызмет және болашақ нәтижелер туралы деректер алу үшін машиналарды қауіпсіз қосудан және нақты уақыт тәртібінде деректер жинау мен қашықтан қол жеткізуді талдаудан бастап «цифрлық көзгіздерді» құруға дейінгі бизнесіңің дамуына көмектеседі. Ал, «Нұане» компаниясының технологияларын пайдалану өндірісті 5-10 пайызға арттырды, мұнай беру қабатының 3-7 пайызға жақсартады, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік бойынша жағымсыз оқиғаларды 30-80 пайызға кемітуге қамтамасыз етеді. Компания ірі мұнай-газ компанияларының 60 пайызға және дүние жүзінде 45 елдегі 3800 шақырымдық мұнай және газ құбырларына қызмет етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуге белсене атсалысып жүрген «Ал-Стронгелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстанның мұнай және газ саласының қымбат шешімдік өнімдерін алмастыруға мүмкіндік беретін «Жұлдыз» бағдарламалық кешенін әзірледі. Мұнай пайдаланушыларының ұсыныс-пікірлерін ескере отырып әзірленген компанияның бағдарламалық шешімдері қарапайым кен орындарының қажеттіліктерін толығымен, ал күрделі кен орындарында тұлған міндеттерін 90 пайыздан астам мүмкіндік береді өрі өндірістік бөлімшелердің және өнім өндіруші компаниялардың барлық мұқтажықтарын жауып отыр. Бұл ретте қазіргі кезінде өндіріс цифрлық трансформациялау көшбасшылары өз бәсекелестеріне қарағанда орташа есеппен 26 пайызға артық тиімділікке қол жеткізіп отырғанын атап өтуіміз керек. Цифрлық шешімдерден алынатын экономикалық тиімділік 4-12 трлн. долларды құрайды және олардың 70 пайызын астамы халықаралық B2B, яғни business-to-business шешімдеріне келеді. Статистика деректеріне жүгінісек, өсім деректерінің барынша жылдам талдауы тал етіліп отырған бүгінгі таңда компаниялардың 12 пайызын ғана ақпараттық шығарылымдарды рет кезінде берерлік қауқары бар. Саланы сандық технологияларға көшірудің өзекті жобаларды жүзеге асыру бизнес үдерістерін автоматтандыру денгейін арттыруға мүмкіндік береді өрі өндірістігі операциялық шығындарды төмендетеді. Сондықтан да отын-энергетика кешеніңді шешімін тосып тұрған міндеттер мен естен кендігін жете түсінген мүдделі ішкілер мен ұйымдар күш-жігерлерін мұнай-газ және энергетика салалары үшін цифрлық шешімдер мен әзірлемелерді талдап жасауға жұмылдырып отыр.

ҚАРЖЫ-ҚАРАЖАТ

Бір жылда 500 млрд теңгеге кредит алынған

Қазақстанда микрокредиттік қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындардың жалпы саны 2018 жылы 20,1%-ға, яғни 824 компанияға дейін қысқарып кеткен.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Солардың ішіндегі 600 кәсіпорны (өткен жылға қарағанда 23,1%-ға аз) – кредиттік серіктестіктер; 224 компания (бір жылдан 10,8%-ға аз) – микрокредиттік ұйымдар (МКҰ) (1-диаграмма).

МКҰ-лардың және кредиттік серіктестіктердің жиынтық кредиттік қоржыны 2018 жылдың соңына бір жыл бұрынғыдан 10,6%-ға артық көлемдегі соманы – 668,8 млрд теңге құраған.

Микрокредиттік қызмет. Кредиттік қоржын. IV тоқсан | млрд тт



ҚР ҰЭМ СК мәліметтері негізіндегі Ranking.kz есеппенуестірі

336,9 млрд теңге немесе жиынтық кредиттік қоржынның 50,4%-ы – жеке тұлғаларға берілген қарыздар; 331,8 млрд теңге немесе 49,6%-ы – заңдық тұлғалардікі. Бұдан бұрын заңдық тұлғалардың қарыздары басым

Микрокредиттік қызметпен айналысатын кәсіпорындардың жалпы саны. IV тоқсан | бірлік



ҚР ҰЭМ СК мәліметтері негізіндегі Ranking.kz есеппенуестірі

Микрокредиттік қызмет. Берілген кредиттер. Қантар-желтоқсан | млрд тт



Жеке тұлғалар



ҚР ҰЭМ СК мәліметтері негізіндегі Ranking.kz есеппенуестірі

болған: 2017 жылдың соңына – 55,2%, 2016-да – 58,5% құрапты (2-диаграмма).

2018 жыл бойына микрокредиттік қызметпен айналысқан компаниялар сомасы 500,7 млрд теңге – 2017

СЫРТҚЫ ФАКТОР


29 наурыз – 5 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

5 сәуірдегі сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,1%-ға нығайып (380,04-тен), 379,84 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюталық нарықта биылғы жылдың 29 наурызы мен 5 сәуірі аралығындағы неғұрлым маңызды оқиғалар АҚШ-тың еңбек нарығы бойынша деректерді (наурызда жұмыссыздық 3,8%-дық деңгейде сақталды, экономиканың ауыл шаруашылығына жатпайтын салаларындағы жұмыс орындарының саны 196 мыңға артып (талдаушылардың күтулерінен жоғары), еңбекқанын осы 0,1%-ға дейін бауылады) жария етуі, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда-саттық келіссөздердегі алға басулар туралы хабарлардың шығуы, әлемдік экономика белгілерінің жақсаруы (АҚШ пен Қытайдағы іскерлік белсенділік индексінің өсуі) болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда нығайуына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының** АҚШ долларына қарағанда сәпіні мынадай түрде қалыптасты:

• Оңтүстік Африка ранды Moody's-тің елдің тәуелсіз борышы бойынша инвестициялық деңгейінің рейтингін жанартау жөніндегі шешімінің аясында 2,8%-ға (14,5-тен 14,09-ға дейін) нығайды, бұл ОАР мемлекеттік облигацияларының әлемдік индексіне өз ұстаныммен сақтайтын билдіреді. Индекстен шығу инвесторлардың жергілікті облигацияларды



Дамушы елдер валютасының сәпіні (22 наурыз 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығайуы)



мәжбүрлі сатуына әкелуі мүмкін; • Мексика песосы Мексика президентінің АҚШ-қа көшіп келушілер дегін тоқтауға көмек

беру туралы уәдесінің аясында 1,9%-ға (19,43-тен 19,07-ге дейін) нығайды; • Бразилия реалы үкіметтің

жылғыдан 7,5%-ға көп қарыздар беріпті.

Жеке тұлғаларға 346,2 млрд теңге – бір жыл бұрынғыға қарағанда, 32,9%-ға артық кредиттер берілген. Мұндай кредиттердің үлесі бір жылда 55,9%-дан 69,1%-ға дейін өскен. 2018 жылдың қантар-желтоқсанында заңдық тұлғаларға 154,5 млрд теңге, 2017 жылға қарағанда 24,7%-ға аз, кредиттер берілді.

Жеке тұлғаларға кредиттердің жартысынан астамы кәсіпкерлік мақсатқа: 215,5 млрд теңге, 2017 жылға қарағанда 55,1% артық берілген. Бұндай қарыздардың үлесі 53,3%-дан 62,3%-ға дейін өскен. Тұтынушылық мақсатқа 130,7 млрд теңге, 2017 жылдың қантар-желтоқсанымен салыстырғанда 7,5%-ға ғана артық берілді (3-диаграмма).

3-диаграмма

зейнетақы заң жобасы бойынша алғры басу жөніндегі хабарлардың аясында 1,3%-ға (3,92-ден 3,87-ге дейін) нығайды, ол Конгресттегі дауыс беруінің 17 сәуірде өтетінін растады;

• Индонезия рупиясы АҚШ пен Қытай арасындағы сауда-саттық келіссөздердің төңірегіндегі нық сенімнің аясында және Индонезия Банкі өкілдерінің ұлттық валютаның нығайуына мүмкіндік беретіні туралы хабарлардың аясында 0,8%-ға (14 243-тен 14 133-ке дейін) нығайды;

• Ресей рублі АҚШ сенаторларының банктік, энергетикалық және қорғаныс салаларында, сондай-ақ тәуелсіз борышқа қатысты РФ-қа қарсы санкцияларды ұйғаратын заң жобасын талқылауға шығаруына қарамастан, бір баррель үшін мұнай бағасының \$70 жоғары өсуінің аясында 0,7%-ға (65,76-дан 65,3-ке дейін) нығайды;

• Үндістан рупиясы негізгі мөлшерлемесін қатарынан екініші рет 6%-ға төмендету аясында 0,1%-ға (69,16-дан 69,23-ке дейін) әлсіреді;

• Түрік лирасы Түркияның ракетаға қарсы қорғаныстың ресейлік жүйесін сатып алуы бойынша іс-қимылы елдің НАТО-дағы ролін төмендетуі мүмкін екені туралы АҚШ-тың ескертуі аясында 1,1%-ға (5,57-ден 5,63-ке дейін) әлсіреді.

* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздерінің негізінде апта сайын дайындады;

** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС&САЯСАТ

↳ THE REAL POLITICS

Kassym-Jomart Tokayev: Justice is a universal human value

President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev had an interview with the Egemem Qazaqstan and the AIQYN newspapers.

DANISH AZIM

Replying to questions from the Egemem Qazaqstan's GEO, Darkhan Kydyrali, and the AIQYN's editor-in-chief, Nurtore Zhussip, Kassym-Jomart Tokayev highlighted a range of important issues.

He outlined three basic principles on which his activity is based. These are continuity, justice and sustained development.

«By stepping down voluntarily from office, the Leader of the Nation provided a telling example of the new and completely unique approach to ruling an independent country. My main principle is based on similar values - statehood and continuity serve as a guarantee for the development of the country», he said.

«Justice is a universal human value. For humankind and whatever country, to lose justice is to lose themselves. A society, where there is a lack of justice, is prone to degradation. That is why the state, society, every person - we all need to stand against injustice», Kassym-Jomart Tokayev noted.

«The third principle is to go on and on and on and on. We have a lot to lose if we don't protect our interests and ensure the rapid development of our country in the global competition spearheaded by advanced science and technology. Nowadays, we cannot afford to be lazy and careless as the conditions of life require that we persistently and effectively proceed



forward. And had you lagged behind, it would be very difficult, if not impossible, to catch up», he said.

With regard to the question about what changes in the government are expected to occur, Kassym-Jomart Tokayev made the following comment: «It is not necessary to change the government with a change of president in the country. The new government has only recently been formed. Now there is a time for doing important jobs, the ministers have been given specific instructions. It is necessary to meet the targets adopted at the (18th Regular) Congress (of the Nur Otan Party), the government has also been faced with the task of counter-

ing flood waters. Plus, we've got the planting season coming up».

At the same time the head of state noted that the individual cabinet members' performance will later be evaluated separately in accordance with the results of work.

Touching upon the topic of his country's external relations, Kassym-Jomart Tokayev stressed, that Kazakhstan would continue a multi-vector policy and would develop cooperation with Russia, China, the EU, the US, as well as with its Central Asian neighbors and the Islamic world.

He also took note of the fact that integration processes had began in

Kazakhstan after gaining independence. «This tradition remains unchanged; our policy does not change. Multi-vector strategy will remain a priority for the Kazakh diplomacy», the head of state said in that respect.

According to him, «a multi-vector foreign policy approach, outlined by first president of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, helped the country to avoid involving in the interstate and regional conflicts».

«Thanks to this policy, Kazakhstan has become well-known all over the world as a peace-loving nation and a peacekeeping state. Today, the peacekeeping mission is a priority of the country's foreign policy. Kazakhstan is a peace platform in Asia», he said.

Kassym-Jomart Tokayev, who served as the chairman of the upper house of the Kazakh parliament, took the oath of office on March 20 after the early resignation of Nursultan Nazarbayev, who has been leading the country since 1990. From 1994 to 1999 he served as minister for foreign affairs of Kazakhstan. He was then promoted to deputy prime minister and later the same year prime minister of Kazakhstan. He was prime minister from 1999 until 2002, when he was then appointed state secretary - minister of foreign affairs before becoming minister for foreign affairs in 2003.

He remained in the position until January 2007 when he was firstly elected chairman of the Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan. In 2011, he became director-general of the U.N. Office in Geneva. Then two years later, the Kazakhstani Senate elected him as its chairman for the second time.

НАРЫҚ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

▶ ТУРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫ: АЗЫҚ-ТҮЛІК

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕНДЕР ЖЕЛІСІМЕН ҚАМТЫЛДЫ

Түркістан облысының орталығында он төрт әлеуметтік дүкен жұмыс істейді.

Әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын тұрақтандыру мақсатында былтыр желтоқсан айында ашылған бұл сауда орындарында ет, май, ұн, қант, күріш, қарақұмық, макарон, көкөніс және т.б. азық-түлік өнімдерінің құны супермаркеттер мен кара базардағы нарық бағасынан 15-17 пайызға арзан. Сонымен қатар наубайханалардан жеткізілетін нан бағасы үстеме қосылмай, 65 теңгеден сатылуда. Сауда нүктелері халыққа қолжетімді, ыңғайлы болу тұрғысынан ойластырылып, Түркістан қаласы аумағын толық қамту мақсатында орналастырылған. Облыстық тұрақтандыру қоры директорының орынбасары Нұрсайын Әділ атап өткендей, барлық сатып алынатын тауарлар бекітілген сапа талаптарына сай. Көкөніс өнімдері еліміздің солтүстік аймақтарынан, құнбағыс майы Шығыс Қазақстаннан, күріш Қызылорда, қант Жамбыл облыстарынан, ал қырыққабат, макарон және ет өнімдері жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен жеткізіледі. Осы тұрғыда жасалып жатқан жұмыстарға жұртшылық дән риза. Бүгінде қала тұрғындары азық-түлік құны қолжетімді бағада қойылған әлеуметтік дүкендерден сауда жасағанды қалайды.

Мамандардың айтуынша, жүргізіліп отырған іс-шаралар Түркістан облысының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасын реттеуге және оң әсер етуіне қол жеткізеді. Тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларына аудан орталықтары мен ауыл округтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік дүкендер желісімен өңір аумағы қамтылуда.

▶ АТАМЕКЕН: БАСТАУ

ЖАС КӘСПІКЕР ЖЫЛЫЖАЙ АШТЫ

Жетісулық жас кәсіпкер Ділана Бөкей Сарқан ауданының Бірлік ауылында жылжымай ашты.

«Бастау» бойынша оқып, жеңілдетілген несиеге қол жеткізген кәсіпкер іске қосқан жылжымайтын аумағы 500 шаршы метрді құрайды. Бұл - бүгінде аудандағы ең ірі кәсіпкерлік нысандардың бірі. Мұнда жыл бойы қызанақ, қияр және тағы басқа көкөніс өнімдері өсіріледі. Жылжымайтын жылына 3 мың тоннаға тарта өнім алып, аудан нарығына шығару көзделген.

Ділана Бөкейдің айтуынша, жылжымай құрылыс қыс айында қолға алынған екен. Қазіргі күні жылу жүйесі мен тамшылатып суармалау құрылғылары орнатылып, көкөністердің ерте пісетін сұрыптары егілген. Алғашқы өнім сәуір айының соңына қарай алынады деп күтілуде.

Іскер әйел өзінің жылжымай салу туралы ойын іске асыру мақсатында «Бастау» кәсіпкерлік негіздері бойынша сабақтарға жазылып, бизнестің қыр-сырын үйренгенін айтады. «Отасыммен бірге бес бала өсіріп, тәрбиелен отырмыз. Ертен балаларымызға аманат болып қалатын жанұялық бизнесті ашсақ деген арман болатын. Өткен жазда «Бастауға» жазылып, оқыдым. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 2,9 миллион теңге сомада жеңілдетілген несие алып, осы істі қолға алдық», - дейді кәсіпкер.

Былыр «Бастау» жобасының оқулары Алматы облысының барлық ауданында өткізіліп, 3 361 адам қатысты. Оның ішінде 916 бизнес-жоба 2,5 млрд теңге сомаға қаржыландырылған.

▶ ӨНІРЛІК ДАМУ: ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

МАЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСУ - БАСЫМДЫҚА ИЕ

Солтүстік Қазақстан облысында өз кәсібін ашқандар саны жылдан жылға артып келеді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Бастау» жобасы аясында 2017 жылы 937 адам кәсіпкерліктің негіздерімен танысып, олардың 160-ы өз ісін ашса, былтыр тегін курсты екі есе көп адам тәмамдаған. Былтыр кәсіп ашудың қыр-сырын оқып, үйренген 2 060 солтүстікқазақстандықтын 521-і алған білімін іске асырды.

Солтүстік Қазақстан облысы - аграрлы өңір. «Атамекен» ҰҚП облыстық филиалының бөлім басшысы Александр Бердинченко сол себептен дәріс алғандардың басым бөлімі мал шаруашылығымен, оның ішінде ірі қара өсірумен айналысатындығын айтады. Өйткені, бұл салаға мемлекет тарапынан қолдау жоғары, түрлі демеуқаржылар бар. Әрі ауылдық жерде бұдан ыңғайлы жұмыс жок. Мәселен, былтыр «Бастау» бойынша өз кәсібін ашқандардың 54% ауыл шаруашылығын тандаған. Ал 45% халыққа қызмет көрсету саласында еңбек етуде. Оның ішінде сүлділық салондарын ашу басымдығына ие. Сондай-ақ сауда саласында, жол бойында қызмет көрсетуші тандпа, дәмхана, асхана ашқандар бар. Өткен жылы 6 адам киіз үйлерді сатып алып, жалға берумен айналыса бастаған. Былтыр облыста 26,3 мың адам нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасына қатысқан. Жалпы өңір бойынша 29,7 мың адам жұмыспен қамтылып, 12,2 мың тұрақты жұмыс орны ашылған.

Рығтай САҒЫНБЕКОВА

↳ REGIONAL COOPERATION

Vladimir Putin: Russia and Kazakhstan are key economic partners

At the beginning of April, Kazakhstan's interim president made his first foreign visit as the head of the state, meeting with Russian President Vladimir Putin in Moscow.

AZIZ AYHAN

The capital of Russia is the city where Kassym-Jomart Tokayev got his higher education. He is a graduate of Moscow State Institute (University) of International Relations.

Russian President Vladimir Putin received Kassym-Jomart Tokayev at the Kremlin in Moscow on April 3. After having exchanged greetings, the two leaders started their first bilateral meeting.

«You are well aware of the level of our relations, you yourself have done a lot to make sure, that contacts between Russia and Kazakhstan reach such a level», Putin said opening face-to-face talks with his Kazakh counterpart. «Of course, Kazakhstan's first president deserves credit for that, but the entire team worked to accomplish that goal, and we have achieved a great deal».

Russian President pointed to the alliance spirit of relations, both in terms of international cooperation and bilateral ties. «I am confident that your current visit along with a team that came with you will contribute to enhancing our multifaceted, multilateral allied relations», he noted.

Vladimir Putin also said that he had known Kassym-Jomart Tokayev for a long time, adding that he was glad to welcome him to the Kremlin as the head of state. Russian President congratulated his Kazakh counterpart on the assumption of his duties.

For his part, Kassym-Jomart Tokayev, addressing the Russian President, said: «I intend to ensure the continuity of the policy of the First President of the Republic of Kazakhstan - Elbasy Nursultan Nazarbayev and also to continue the work on the comprehensive and active development of Kazakh-Russian cooperation».

Kassym-Jomart Tokayev is likely to continue Nursultan Nazarbayev's strategy of maintaining close relations with Russia while still preserving good connections with Western countries. Kazakhstan's president called his nation's ties with Russia «a model relationship» at the meeting and said «my task is to make sure this strategy remains in place». Kassym-Jomart Tokayev defined the trip to Moscow as a sign of «continuity» in the two countries' close cooperation and cordial ties.

«I am going to continue the strategic course to enhance comprehensive dialogue between our two nations», he told Putin.

The meeting of the two leaders concluded with the adoption of a joint statement. It said that during the Russian-Kazakh summit talks in the Kremlin, Vladimir Putin and Kassym-Jomart Tokayev spoke in favor of expanding multidimensional economic and humanitarian relations and strengthening interaction between business communities, educational and scientific circles as well as legislative and executive authorities. They also stressed the importance of implementing the key provisions and principles of the treaty on the Eurasian Economic Union (EAEU).

Following the talks between the two countries' presidents, a number of



bilateral documents were signed in the fields of gas supply as well as industrial, scientific and technical cooperation.

«The heads of state stressed that the fruitful negotiations and bilateral documents signed during the visit will contribute to the ongoing development of the traditionally friendly, equal relations between the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan», the joint statement said.

«We propose moving to new forms of interaction. I mean first and foremost building a nuclear power plant in Kazakhstan using Russian technologies», Putin said at a press conference following the talks.

According to him, the two presidents paid much attention to trade and investment relations during the meeting.

«Russia and Kazakhstan are key economic partners for each other, their bilateral trade is growing at a steady pace, last year it increased by 4.5%, exceeding \$18 billion. Accumulated Russian investments in Kazakhstan amount to almost \$13 billion. And Kazakhstani investments in Russia are close to \$4 billion. Russian business is represented in all sectors of Kazakhstan's economy», the Russian leader emphasized.

He said the two countries' military cooperation was continuously expanding, adding that Russia trained Kazakh military experts.

In that respect, Kassym-Jomart Tokayev said the two leaders discussed assembling civil helicopters and establishing maintenance centers to repair military equipment.

МӘДЕНИЕТ & SPORT

▶ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ



Көктемгі егіске дайындалуда

Билы Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 542,3 мың гектарды құрамақ. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 25 мың гектарға (2018 ж. – 517 мың га) немесе 4,9%-ға артық. Өңірлік коммуникациялар қызметі ақпарат алаңында көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы сөз болды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Денис Омашевтің айтуынша, дәнді дақылдардың алқабы күздік дақылдар егісін ескергенде 265 мың гектарды құрайды. Соның ішінде жаздық дәнді дақылдарды 188,4 мың гектарға егу жоспарланған.

Егіс алқаптарының құрылымына сәйкес жаздық билей 83,4 мың гектар немесе 44,3%-ды, арпа 85 мың гектарды немесе 45%-ды, тары 4,4 мың гектарды немесе 2,3%-ды және басқа да дәнді дақылдар 5,6 мың гектарды немесе 2,5%-ды құрамақ. Соның ішінде майлы дақылдар 64,8 мың гектарға егіліп, күнбағысты 51 мың гектарға дейін жеткізу көзделген. Картоп және көкөніс-бақша дақылдарын 10 000 гектарға егу жоспарлануда (2018 ж. – 9 632 га), оның ішінде картоп – 4 300 гектар, көкөніс дақылдары – 3 800 гектар, бақша

дақылдары – 1 900 гектар болады. Нарықтағы сұранысқа және өндірістік тиімділігіне байланысты майлы дақылдар алқабын 18,2%-ға, картопты 2,4%-ға және көкөніс-бақша дақылдарының алқаптарын 7,5%-ға ұлғайту жоспарланып отыр, – деді Денис Омашев.

Мемлекеттік сатып алулар үрдістері қорытындылары бойынша екі аккредиттелген «Қазгэкс» АҚ және «Орал-Жер» ЖШС мекемелерінің зертханалары тұқым сапасына тексеріс жүргізуді бастады. Соның нәтижесінде барлық дәнді дақыл тұқымдарының егуге жарамдылығы анықталмақ. Сондай-ақ көктемгі далалық жұмыстарға 4215 трактор, 4081 дөңсепшік, 830 қоспытқыш және «Джон Дир», «Флексикойл», «Кейс», «Хорш» маркалы 47 жоғары өнімді егіс кешендері катысады. Бүгінде тракторлардың 97%-ы, дөңсепшіктердің 96%-ы, қоспытқыштардың 97%-ы жұмысқа дайын.

Көктемгі далалық жұмыстарды жүргізу үшін облысқа 12 мың тонна (сәуірге – 2 мың тонна, мамырға – 6 мың тонна, маусымға – 4 мың тонна) дизель отыны керек. Жанар-жағармайды жеткізуші оператор болып «Батыс Арна» ЖШС анықталды. Дизель отынының бағасы литріне 165 теңгені құрайды, – деді Д.Омашев.

▶ ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Ұл-қызды қызылшаға қарсы ектірдіңіз бе?

2019 жылдың 1 сәуіріне өңірімізде 27 қызылша оқиғасы тіркелді. Мамандар Батыс Қазақстан облысында қызылша ауруының эпидемиологиялық жағдайы тұрақты деп санайды.

Бұл туралы Батыс Қазақстан облысында өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында «Облыстағы қызылша ауруының эпидемиологиялық жағдайы» тақырыбында облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Жайдар Құрманов, Орал қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мәдениет Тануовтың қатысуымен баспасөз мәслихатында айтылды.

Облыста 27 қызылша оқиғасы тіркелді. Ондай жағдайлар Бөкей ордасы, Бәйтерек, Бөрлі, Сырған аудандары және Орал қаласында тіркелді. Соның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 6 оқиға тіркеліп, үлес салмағы –22,2%-ды, 1 жасқа дейінгі балалар арасында 4 оқиға тіркеліп, 50%-ды құрды, – деді Жайдар Құрманов. Оның айтуынша, облысымызда қызылша ауруын алдын алуға қажетті барлық ішара қолға алынған. Эпидемияға қарсы іс-шара жүргізу барысында жұпалы ауру ошақтарында 736 қарым қатынаста болған тұлғалар анықталып, 52 адам қызылшаға қарсы егілген.

2019 жылдың 1 сәуірінен бастап облыста қызылшаға қарсы екіп жүргізу ұйымдастырылды. Жалпы, қызылша – дене қызуының жоғарылауы, жө-

тел, мұрын бітуі, тамақтың ауруы және бөртпелен сипатталатын вирустық табиғаты жіті жұқпалы ауру. Қызылшаның белгілері: жалпы әсіздік, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, мұрын бітуі, тамақтың ауыруы, жарықтан қорқу, көздің қызаруы, жас ағу (конъюнктивит), жөтел. Ал негізгі белгілері: бүкіл денеге бөртпе шығу, ақ (унтақ жарманың жиналуы сияқты) және ауыз қуысындағы қызыл дақтар. Қызылша пневмония (өкпеннің қабынуы), бронхит, энцефалит (ми қабығының қабынуы) сияқты асқынудармен қауіпті, олар мелишншалық көмекке кеш жүргенде және ауыр қосымша аурулар болған жағдайда өлімге әкелуі мүмкін, – деп ескерті Жайдар Бисенбайұлы.

Мамандардың айтуынша, елімізде қызылшаға қарсы егу екі рет жүргізіледі. Біріншісі сәби 1 жасқа толғанда және екіншісі рет бала 6 жасқа жеткенде қызылшаға қарсы егіледі. Қызылшаға қарсы вакцинациялау үшін қызамық және паротитті компоненттермен біріктірілген (ККП) қауіпсіз және тиімді вакцина қолданылады. Ата-аналарға өз баласының қызылшаға қарсы егілген-егілмегенін тексеріп, вакцинация болмаған жағдайда қызылшаға қарсы профилактикалық тегін егісті алуы ұсынамыз. Қызылшаға қарсы әр түрлі себептермен егілмеген балалардың ата-аналарына түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуды, сауал-ойын-сауық орталықтарындағы ойын алаңдарына баруды шектеу қажет, – деді Мәдениет Тануов.

Материалдарды дайындаған – Гүлбаршын ЖІПІРГЕЕВА

▶ БАЙЛАНЫС

Туризм саласындағы ауқымды жоба

Мәскеуде МІТТ-2019 халықаралық туристік көрмесі аясында «Туристік Камкор» корпоративтік қорының төрағасы – Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарын кепілдендіру жүйесінің әкімшісі – Инна Рей Ресей «Турпомощь» Ассоциациясының (шығу туризмі саласындағы туроператорлар бірлестігі) басшысы Александр Осауленкомен кездесті.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Тараптар 2018 жылғы наурызда қол қойылған өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум аясындағы өзара іс-қимыл барысын талқылады. Кездесуде тараптар халықаралық катинастар саласында туристік саланы дамыту, туристік өнімді түпкі тұтынушының мүдделерін қорғау деңгейін арттыру мақсатында одан әрі өзара іс-қимыл жасау ниетін растай отырып, туристік кәсіпкерлікті дамыту саласында өзара қызығушылық тудыратын ақпаратпен алмасты.

Сонымен қатар, 2019 жылдың аяғынан бастап күшіне енетін Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) туризм саласында бірінғай



нарық ашу туралы шешімді талқылады. Тараптар бір-біріннің аумағында орналасқан туристердің құқықтары мен мүдделерін барынша толық қамтамасыз ету мақсатын көздейтін қосымша келісімдер әзірлеуге келісті. Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі 2016 жылдан бастап жұмыс істейді және Қазақстан Республикасының азаматтары, турагенттер, туроператорлар, туроператорлар-жалдаушылар, жүйе әкімшісі және

туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган арасындағы құқықтық қатынастардың жиынтығын білдіреді. 2017 жылдан бастап қазақстандық туристерге шетелге ТурКод-пен демалысқа шығу ұсынылады. Арнайы құрылған «Туристік Камкор» ҚҚ шетелде аяқасты күтпеген жағдайларға тап болған туристерге отанына оралуға көмек көрсету мақсатында құрылған. Бірінші кезекте бұл теріс пиғылды турфирмалардың қызметіне байланысты зарлап шеккендерге қатысты. Осылайша, қолында

ТурКод болған жағдайда Қазақстаннан келген туристер шұғыл жағдайда кепілді қолдауға ие болады.

ТурКод дегеніміз не? ТурКод 11-13 (шығу еліне байланысты) әріптiк-сандық символдардан тұрады. Ол әр жолдаманы рәсімдеу кезінде автоматты түрде беріледі. Бұл шифр әрбір турист үшін бірегей. Шұғыл жағдай туындаған кезде турист қормен байланысып, өз тур қолының нөмірін хабарлайды және жақын арадағы 24 сағатта шұғыл көмек көрсетуі күтеледі.

▶ КӨРМЕ

Сырлы сурет әлемі

«AsranGallery» атты өнер галереясында қазақстандық суретші Нұрбол Нұрахметтің «Мүшелеу» атты дербес көрмесі өз жұмысын бастады. Экспозиция автордың соңғы бірнеше жыл бойғы бесенді жұмысы мен ізденіс нәтижесінде түрлі техникаларда орындалған шығармаларын қамтиды.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының және Сан-Франциско университетінің Өнер академиясының түлегі Нұрбол Нұрахмет Орта Азияның кәзіргі заман суретшілерінің арасындағы жас ұрпақтың нағыз дарынды өкілдерінің бірі болып келеді. Өз шығармашылығында ол фотосурет, бейне және тікелей әсер



ететін фотосуретті күнделікті қолдану мән-мәтінінде кескіндеме, коллаж, сурет және литография сияқты дәстүрлі техниканы пайдалану арқылы өнердің өзгеше түрін шығарып отыр.

Көрмеде ұсынылған серияларында Нұрахмет өзін толғандыратын мәселелер спектрін өзінше визуалды талдамамен жасауға талпыныс жасайды. Талдау әдісі ретінде суретші мағыналарды, бейнелерді, сезімдерді фрагменттеу, мүшелеу, коллаждауды пайдаланады.

«Нұрахметтің бірінші көрмесі ұйымдастырылғаннан бері бес жылдан аса уақыт өтті. Ол кезде суретші оқын енді бітірген, сондықтан оның Ә.Кастеев мұражайындағы көрмесі студенттік кезеңін аяқтағандай болды. Біз ұйымдастырған «Мүшелеу» көрмесінде кескіндеме, коллаж, графикада немесе басқа суретшімен жүргізілген диалог ретінде өз ойын білдіріп, кәзіргі заман мәселелерін зерттейтін кемеліне келген суретшінің көрінісін көріп тұрмыз. Көрмеге арнап қылқалам иесі аналитикалық тұлғас сериясын дайындағанын атау өтуі қажет. Бұрын қазақстандық суретшілер бүкіл КССРО-ға өздерінің баптау графикасымен өйгілі еді. Өкінішке қарай, бүгінгі күні бұл техника өнердің шетінде қалып, тіпті жоғарылау кетуге және деу-

ге болады. Суретшілер дәстүрлі техниканы пайдалана білгені және өзекті мәселелер көтере алатыны қандай тамаша», – деді «AsranGallery» негізін қалаушы Меруерт Қалыева.

Ал қылқалам иесі болса не себепті өзге жанрда сурет салатынын тілге тиек етті. «Менің көрме – талдама, сұрыптау, ашу және кесік болып келеді. Бұл – физикалық та, визуалды да, уақыт және кеңістіктің де кескіні. Тұтасты сұрыптау, бір-бірінен жіктеу, бүтінді түсіну үшін фрагменттеу. Мен фигуративпен, денемен, тәнге қатысты көзқараспен жұмыс істеймін. Жанды дене және дене рухы. Жан туралы өңгімелер ертелек жерге оралады, өйткені ой, тән деңгейінде ғана ойлайды. Дене – тірі өмір ретінде немесе дене өкілі ретінде монументті өмірді жалғастыру», – деді суретші.

Айта кету керек, Н.Нұрахмет 1986 жылы Алматы қаласында туған. Алматыда тұрып, жұмыс істейді. Өз шығармашылығына Нұрахмет кескіндеме, сурет, литография және коллаж сияқты дәстүрлі техникаларды пайдаланады. Оның шығармалары арқылы Орта Азияның мәдени, саяси және әлеуметтік ахуалы туралы батыл ойын білдіреді.

Көрмеде кәзіргі заман жанды проблематикасы мен мәнінендіп қатақ мәдениеттің тағдырына қатысты ойға жеткізетін жұмыстары ұсынылған. «Абайдың бөлмесі» (2018) Еуропа және Ресей тарихынан алынған классикалық өнердің көптеген бейнесімен түрлендірілген. Мұнда тар жерде бутафориялық қоймадағы Қазақстанның мәдени дамуына ықпал еткен немесе одан әрі ықпал ететіндер қоймаға жиындатырылған.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

АПШАНОВ Рахман
ӘБДИМАНАПОВ Сарсенғали
ӨШІНБЕВ Әли
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетісбай
ГЛАЗОВСКИЙ Петр (Польша)
ЕСПӨЛОВ Телеспек
ҚАЛИЕВ Габи

НҰРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Кенжеғали
САЛПАБЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағандық
СЫТОВ Серік
ТӨЛІТӨЛӨВ Әбісәлімет
ТЕМІРБЕКОВ Нұржан
ХАМИН Жантемір

Тел: 2915. Таралымы: 5000.

Газетті аттасуға 1 рет шығатын. Газет «Дуру» РТББ ЖШС-нда басылады. Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17/1. Тел.: 272-10-04.

Мекен-жайымыз:
050013, Алматы қаласы, Жетісу көшесі, 175. 4-қабат.
403-Бөлме (Төлеулер) тел.: 272-87-04
404-Бөлме (Бас редактор) тел.: 267-36-11
факс: 272-86-11

E-mail: kazzet@kazonline.kz
www.kazonline.kz
www.kaz.zet.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

Бас редакторымыз: Бөкей ӘБДІРЖАПЫ

ТЕНГЕ MONITOR

Бас редактор: Ақса ТәЖАУОВ

Бас редактордың орынбасары – Жұманжол ШОПАН

Бөлім редакторлары: Рыштыл САҒЫНБЕКОВА, Бөкей ӘБДІРЖАПЫ, Мақпал САҒЫНДИҚ, Исағай ҚАМБАРОВ, Бетеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдері:
Астана қаласында: Топыбай Әбдіраманов 8 701 345 79 38
Ақтөбе облысында: Жанғыл Қабакбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектүр Тәуелбаев 8 (7292) 40-41-01
Қарағанды облысында: Батырбек Мырзабеков 8 (7102) 90-19-73

Газеттің терілуі мен бет қатпалуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалады. Орфсет баспалық.

«Тенге Monitor» газетіне жарияланған материалдардың, авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-не тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазқарасын білдірмейді.